Бесінас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Ас болсын! Рақмет!**(Сөздік минимум)Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Ұлттық ойын:** "Төрт түлікке кім қалай дыбыс береді?" **Міндеті:** Балаларға төрт түлікті таныту, дыбыстауға үйрету. **Құралдар:** Суреттер немесе ойыншықтар (жылқы, түйе, сиыр, қой). **Ойналуы:** Тәрбиеші суреттерді көрсетіп: «Мынау не?»– деп сұрайды. Балалар жауап береді: «Бұл – жылқы.» «Жылқы қалай дыбыстайды?» – «И-и-и-и» – деп салады. Осылай барлық төрт түлікті үйретеді. **Қосымша:** Дыбыстаған сайын балалар жануардың қимылын да еліктейді (мысалы, түйе жүрісі, жылқы шабысы). -қойдың суретін бояу **(қазақ тілі, сурет)**	**Ұлттық ойын: "Санамақ"** **Міндеті:**Санау, есте сақтау, сөйлеу дағдысын дамыту. **Ойналуы:** Тәрбиеші балалармен бірге мынадай санамақтарды қайталайды: Бір дегенім – білеу, Екі дегенім – егеу, Үш дегенім – үскі, Төрт дегенім – төсек, Бес дегенім – бесік... — Әр жолдан кейін балалар бір қимыл көрсетеді (мысалы, "бесік" десе – қолымен тербетіп көрсетеді). **(математика негізі)**	**Ұлттық ойын: "Қуыр-қуыр, қуырмаш"** **Міндеті:** Баланың саусақ моторикасын дамыту. **Ойналуы:** Тәрбиеші немесе ата-ана баланың алақанын уқалап отырып, саусақтарымен ойнайды: Қуыр-қуыр, қуырмаш, Танаң келсе, беріп қаш. Қуырмашым тәтті екен, Қайдан алған, пәтти екен! — Саусақтарын біртіндеп бүгіп, соңында бүкіл алақанды жасырып, "жоғалып кетті" деп ойнайды. Балалар күледі, қайта-қайта ойнағысы келеді.	**Ұлттық ойын: "Себеттегі асықтар"** **Міндеті:**Асық арқылы түстерді ажырату, ұсақ мотириканы дамыту. **Құралдар:** Түрлі түске боялған асықтар немесе шарлар. **Ойналуы:** Балалар себеттен бір-бір асық алады. Тәрбиеші: «Қандай түс?» – деп сұрайды. Балалар: «Қызыл», «Жасыл» деп жауап береді. Сосын сол түсті затты бөлмеден табу тапсырмасы беріледі (мысалы, «Қызыл асық алғандар — қызыл жастықты тапсын!»). – Ермексаздан асық жасау **(Мүсіндеу)**	**Ұлттық ойын: "Атқа мінейік!"** **Міндеті:**Қимыл қозғалысты дамыту, батылдыққа үйрету. **Ойналуы:** Балалар «Атқа міндік!» деп еденде жүресінен отырады. «Шауып келе жатырмыз!» деп, қолмен соғып, ат шабысын салады. Тәрбиеші: «Ал, тоқта!», «Оңға бұрыл!», «Солға бұрыл!» деп бұйрық береді. Балалар қимыл арқылы орындайды. **(математика негіздері)**
Балаларменжекежұмыс	Дыбыстарды дұрыс, анық айту арқылы тақпақ өлеңді жатқа, мәнерлеп айтуғ үйрету.	Әңгімелерді тыңдау арқылы оның мазмұнын жеткізе білуге және өлеңді жатқа айтуға үйрету.	Заттарды түсі, өлшемі бойынша ажыратуға, орындауға, айтуға конструктормен бөлшектерді құрастыруға ауа-райын ажыратуға үйрету.	Оң және сол қолдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру.	Құрылыс материалдарын көлемі, пішіні бойынша топтастыраға үйрету.
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.				

	(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Аспандағы шарлар» **Мақсаты:** Қолдың икемділігін дамыту. **Шарты:** Балалар шарды жерге түсірмей, жоғары соғып ойнайды.**(дене шынықтыру)**	«Жолдан қаш» **Мақсаты:** Жылдам реакцияны дамыту. **Шарты:** Ортада сызық немесе жіп – «жол». Тәрбиеші «көлік келе жатыр» десе, балалар жолдан секіріп қашады. **(дене шынықтыру)**	«Секіргіш бақалар» **Мақсаты:** Секіру дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар бақа сияқты секіріп, белгіленген жерге жетеді. **(дене шынықтыру)**	«Желкенді кеме» **Мақсаты:** Қиял мен қозғалысты үйлестіру. **Шарты:** Балалар «кеме» болып, қолдарын жайып желкен етіп, бір бағытта қозғалады.**(дене шынықтыру)**	«Сиқырлы доп» **Мақсаты:** Доппен жұмыс дағдыларын дамыту. **Шарты:** Балалар допты бір-біріне лақтырып, жерге түсірмеуге тырысады**(дене шынықтыру)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	– Таяқшалардан үстел бейнесін құрастыру – Дайын пішіндерден үстел бейнесін жапсыру – Балабақшадағы үстелдерді бақылау **(Құрастыру, Жапсыру)**	– Алақанмен орындық бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) – Ермексаздан орындық жасау – Геометриялық пішіндерден орындық бейнесін құрастыру – Үйдегі және балабақшадағы орындықтарды салыстыру **(Сурет салу, Мүсіндеу)**	– Мақтамен төсек суретін бояу (дәстүрден тыс әдіс) – Жастық пен көрпе бейнесін жапсыру – Төсек жабдықтарын көрсету **(Сурет салу, Жапсыру)**	– Құрылыс материалдарынан шағын шкаф жасау – Тіс щеткасын пайдаланып шкаф бейнесін салу (дәстүрден тыс әдіс) – Дайын пішіндерден шкаф бейнесін жабыстыру – Балабақшадағы шкафтарды бақылау **(Құрастыру, Сурет салу, Жапсыру)**	– Ермексаздан жиһаздар топтамасын жасау – «Менің бөлмем» композициясын жасау – Жиһаз суретін бояу – Үйдегі және балабақшадағы жиһаздарды салыстыру **(Мүсіндеу,құрастыру, сурет)**

Балалардыңүйгекай туы	**Өнегелі 15 минут** Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут** Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут** Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут** Ойын арқылы жаңа білімді бекітуге уақыт бөліңіз. Бірге көңілді қимылды ойын ойнаңыз. Бүгін жасаған мейірімді ісін атап өтіңіз Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут** Көрген қызықты оқиғасын тыңдауға уақыт бөліңіз. Ұйықтар алдында тыныш музыка тыңдату — жақсы ұйқыға көмектеседі. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**

Тәрбиешілер:Жаулыбекова А.Б

Бегешева С.М

Әдіскер: _____Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ортаңғы «Айгөлек» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.09 - 03.10.2025 жыл 1 апта
Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 29.09.2025ж	Сейсенбі 30.09.2025 ж	Сәрсенбі 01.10.2025ж	Бейсенбі 02.10.2025ж	Жұма 03.10.2025ж
Балалардықабылдау	Сәлеметсіз бе! **(Сөздік минимум)** Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында, балаларға қазақтың ұлттық аспабы — домбыраны таныстыру;Күй өнерінің ерекшелігін, маңызын түсіндіру; Балаларға музыкалық тәрбие беру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті ояту. Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15минут:** Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз**.**				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Ерте кәсіптік бағдар беру** Ойын: «Кім қайда жұмыс істейді?» Тәрбиеші мамандық суретін көрсетеді. Балалар сәйкес жұмыс орнын таңдайды. **Міндеті:** Мамандарды жұмыс орнымен сәйкестендіруге үйрету.	**Құқықтық сауаттылық** «Менің құқығым бар» Сурет көрсетіледі. Балалар кімнің құқығы бұзылғанын айтады. **Міндеті:** Құқық бұзылған жағдайды тануға үйрету.	**Адалдық әліппесі** Ойын: «Шындық па, өтірік пе?» Тәрбиеші сөйлемдер айтады. Шын болса – қол көтереді, өтірік болса – қол түсіреді. **Міндеті:** Шындық пен өтірікті ажыратуға дағдыландыру. **(Қазақ тілі)**	**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы** «Асық ату» Ортаға асық қойылады. Балалар кезекпен атады. **Міндеті:** Көз мөлшерін, дәлдігін дамыту. **(математика негіздері)**	**Қаржылық сауаттылық** «Дүкен» Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушы. Ақша беріп, зат сатып алады. **Міндеті:**Ақша мен зат айырбасын түсіндіру. **(математика негіздері)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені) «Қояндар отырады». Қолды алдыға созып отыру, тұру. «Қояндар секіреді» . Қол кеудеде, бір орнында қос аяқпен секіру. Дем басу жаттығулары. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жатты кешені	«Масаны ұста». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде. 1- қолды жанға созу.2- қолды жоғары көтеріп шапалақтау. 3- б.қ.к. «Батырлар». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде, қол екі жанға созылған. 1- қолды бүгу. 2- б.қ.к. «Иілу». Б.қ: н. т, қол белде. 1- екі жанға кезекпен иілу. 2- б.қ.к. «Еденде». Б.қ: еденде отыру,аяқ созылған. 1- алдыға еңкейіп, қолды аяқтың басына жеткізу.2 - б.қ.к. «Отырып, тұру». Б.қ: аяқ иық деңгейінде, қол алдыға созылған. 1- бір орнында отырып, тұру. 2- б.қ.к. «Секіру». Б.қ: аяқ алшақ, қол төмен түсірілген. 1- бір орнында қосаяқпен секіру.2- б.қ.к. Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, шәй, май, ірімшік, сүт, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын! Рахмет! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Ұйымдастырылғаны с-әрекетке дайындық	**1-ші апта дәйек сөзі** «Отан – отбасынан басталады.»				
	Ұлттық ойын «Асық теру» **Міндеті:** Баланыңептілігін, назарын және ұқыптылығын дамыту. **Ойын барысы**: Тәрбиеші үстелге бірнеше асық шашып тастайды. Белгі бойынша балалар асықты теріп, себетке салады. Кім көп жинаса — сол жеңімпаз**(математика негіздері)**	**Үстел үсті ойын** «Түстерді тап» **Міндеті:** Түстерді ажыратуға, есте сақтауға үйрету. **Ойын барысы:** Тәрбиеші түрлі түсті текшелер қояды (қызыл, көк, сары). «Қызылды тап», «Көктен біреуін ал» деп айтады. Бала дұрыс түсті алып тәрбиешіге береді. (**Математика негіздері)**	**Қимылды ойын** «Өрт шықты!» **Міндеті:** Жылдам әрекет етуге, тәртіптілікке және қауіпсіздікке баулу. **Ойын барысы:** Тәрбиеші «Өрт шықты!» дейді. Балалар бөлме ішінде жүгірмей, тыныш түрде «қауіпсіз орынға» (белгіленген бұрышқа) барып тұрады.	**Дидактикалық ойын** «Қауіпсіз бе, қауіпті ме?» **Міндеті:** Үйдегі қауіпсіз және қауіпті заттарды тануға үйрету. **Ойын барысы**: Тәрбиеші суреттер көрсетеді (пышақ, ойыншық, үтік, кітап). Балалар қауіпті затты көтермей, тек қауіпсізін көтереді. **(қазақ тілі)**	**Дидактикалық ойын**«Не қайда тұрады?» **Міндеті:** Заттардың орнын ажыратуға және ойлау қабілетін дамыту. **Ойын барысы:** Тәрбиеші суреттерді көрсетеді (ыдыс, жастық, тарақ). Балалар айтады: – Ыдыс — ас үйде, – Жастық — бөлмеде, – Тарақ — ваннада. **(Тіл дамыту)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Музыка**	**Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**			**Дене тәрбиесі**

	Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша). **Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Міндеті:** Дауысты (ә) және кейбір дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу,жаңылтпаштар айту. **Артикуляциялық жаттығу** «Әдемі ауыз» Ауызды кең ашу – **ә-ә-ә** (созып, баяу) Айнамен жұмыс (мүмкін болса) – Ә-ә-ә – әдемі дыбыс! **Ойын:**«Тыңда да айт» Тәрбиеші сөзді баяу айтады: Әже, кесе, қоян Балалар қайталайды, дыбысқа назар аударады. Дыбысқа зат жасайық» Балалар таңдайды: Әжеге – бауырсақ Мүсіндеу барысында сөздерді баяу, анық айтқызу: – Қо-ян – Ке-се	**Қазақ тілі** **Міндеті:** Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Ойын:**«Ойыншықты ата» Тәрбиеші себеттен ойыншық шығарады. – Бұл не? – Қандай ойыншық? – Ол қандай түсті? Балалар қысқа жауап береді: «Бұл доп», «Қызыл доп», «Қуыршақ үлкен» Тәрбиеші 1–3 ойыншық қояды. – Мұнда неше доп бар? – Бір ме, көп пе? Балалар санап, жауап береді. **Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Ойын:** **«Құрылысшылар қаласы»** **Міндеті:**Негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата	**Ойын:«Сиқырлы қылқалам мен қарындаш»** **Міндеті:** Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай , балаларға дұрыс ұстауды үйрету . Тәрбиеші балаларға қуыршақты көрсетеді: – Балалар, бізге Қарындаш дос қонаққа келді. Ол бізден көмектес сұрайды. Ол қалай ұсталатынын ұмытып қалыпты. Көмектесеміз бе? Балалардың жауаптары: – Иә! – Көмектесеміз! Тәрбиеші қарындашты көрсетіп: – Қарындашты үш саусақпен ұстаймыз: бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақ. Қатты қыспаймыз, ол ауырмайды. Балаларға қайталату: • Қарындаш • Жұмсақ ұстаймыз • Үш саусақ Тапсырма: – «Жаңбыр тамшылары» (нүктелер) немесе – «Жолдар салайық» (тік, ирек сызықтар)	**Ойын:«Көмектесейік, досымызға!»** **Міндеті:**Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын қалыптастыру. Баланың ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Тәрбиеші ойыншық қоянды көрсетеді: – Балалар, қараңдаршы, қоян орманда жүр. Бірақ оның үйі жоқ. Қоянға көмектесеміз бе? Балалардың жауаптары: – Иә! – Көмектесеміз! Тілдік қолдау: – Қоян қандай? (кішкентай, ақ) – Қайда тұрады? (орманда) Тәрбиеші: – Қоян үйге кіре алмай тұр. Неге? (үй жоқ / жол жоқ) – Біз не істей аламыз? Балалардың ұсыныстары: – Үй саламыз – Жол жасаймыз (Балалардың өз ойларын айтуына мүмкіндік беру) Тапсырма: – Кубиктерден қоянға үй немесе көпір құрастыру Тәрбиеші бағыттайды: – Үй құламас үшін не	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Ойын:«Сөйлейтін күн мен көңілді тіл»** **Міндеті:**Артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Тәрбиеші өлеңді баяу, анық айтады: Күн күледі жарқ-жұрқ, Балаларға нұр құйып. – Балалар, күн қалай күледі? Көрсетейікші! Артикуляциялық жаттығулар (айнамен) Тәрбиешімен бірге: «Күн күледі» – ерінді кең ашып жымию «Бұлт жүреді» – ерінді түтікше етіп созу «Жел соғады» – «у-у-у» дыбысын баяу айту «Тәтті тосап» – тілді ерінге тигізу – Баяу жасаймыз. Асықпаймыз. Тәрбиеші айтады: – Қазір біз баяу сөйлейміз. Тыңдап көрейік. Жаңылтпаш (жеңіл, 3 жасқа лайық): «Лақ лағып барады» (алдымен баяу, кейін

	Жаңылтпаш (баяу айту): *Қоян қорада,* *Қора қасында.* Алдымен баяу, кейін сәл жылдамырақ айту. жаңылтпаштар айту. **Міндеті:** Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. **Ойын:**«Бірге жинайық» Балаларға әртүрлі заттар беріледі. Доптарды бір жерге Текшелерді бір жерге Тәрбиеші: – Бірдей заттарды бірге қояйық. «Үй жасайық» Бір текшеден – кішкентай үй Көп текшеден – үлкен үй – Қанша текше қолдандың? – Көп. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Қазақ тілі, Мүсіндеу, Математика негіздері, Құрастыру)**	білуге, атауға және қолдануға үйрету, Әр құрылыс бөлшегін көрсетіп, атауын айтқызу: – Бұл не? (Текше) – Қандай пішінге ұқсайды? – Қайсысы домалақ? (Цилиндр) Балаларға тапсырма беріледі: Текшелерден үй салу Кірпіштерден қабырға құрастыру Цилиндрден мұнара жасау Үшбұрыш пен призмадан шатыр құрастыру Балалар дайын құрылыс бөлшектерін қағаз бетіне жапсырып, «Менің үйім» немесе «Қала» тақырыбында жұмыс орындайды. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Математика негіздері, Құрастыру, Жапсыру)**	**(Сурет, Математика негіздері, Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	істейміз? – Төменге үлкен кубик қояйық па? **(Қоршаған әлеммен танысу,Құрастыру,Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	сәл жылдамырақ) Балалармен бірге: – Ла-а-а-қ ла-а-а-ғып ба-а-а-ра-а-а-ды Тапсырма: – Күнге сәулелерді жапсыру Тәрбиеші сөйлеп отырады: – Желімді а-зы-а-қ жағамыз. Сә-у-ле-ні жап-сы-ра-мыз. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Қазақ тілі, Жапсыру)**
2-ші таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану;				

	нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу ас болсын! Рахмет! (**Сөздік минимум)**				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту.** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.**				
Серуен	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Міндеті:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Міндеті:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам» **Міндеті:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. **Қимылдық ойын:** **«Үрпек төбет»** **Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету,	**Бақылау:** Тұманды бақылау. **Міндеті:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. **Еңбек**: Ағаштардың түптерін қопсыту. **Міндеті:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар –адамзат**.** **Міндеті:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. **Қимылдық ойын:** **«**Шымшық доп» **Ойын барысы**: Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7	**Бақылау:** Шықты бақылау. **Міндеті:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. **Еңбек**:Ағаш бұтақтарын жинау. **Міндеті:** Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. **Жеке жұмыс:** «Менің Отаным» өлеңін жаттату**.** Отан –менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. **Міндеті:** Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. **Қимылдық ойын:** «Қаздар мен бақташы». **Ойын барысы:** Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан	**Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау. **Міндеті:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. **Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту. **Міндеті:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. **Жеке жұмыс:** «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». **Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. **Қимылдық ойын:** «Кім	**Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. **Міндеті:**: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. **Еңбек:** Біздің ойын алаңы **Міндеті:**Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. **Жеке жұмыс:** Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. **Міндеті:**Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. **Қимылдық ойын:** «Фигура жасап шық» **Ойын барысы:** Ойнаушылардың арасынан бастаушы

	жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** **1.Төбешіктен-төбешікке секір.** **2.Күн мен түн** **Тренинг:** «Күн шуағы**».** **(қоршаған әлеммен танысу)**	тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу ұшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады. **Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:** 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру. **(қоршаған әлеммен танысу,)**	бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. **Тренинг:** «Қаздар болып ұшайық». **(қоршаған әлеммен танысу, қазақ тілі, тіл дамыту)**	тезірек?» **Міндеті:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады. Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. **Тренинг:** « Қолшатыр». **(қоршаған әлеммен танысу, математика негіздері)**	таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе «тоқта» деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық «фигураларды» айналып шығып, ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады. **Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:** • Қуаласпақ. • Тығылыспақ. **Тренинг:** «Киіз үй». **(қоршаған әлеммен танысу, математика негіздері)**
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.
Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.
Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.
Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.
Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру
Нан, сорпа, ,сусын,
Көгөністер қияр, пияз, сәбіз. тамағыңды іш, ас болсын!(Сөздік минимум)</td></tr>
<tr><td>Күндізгіұйқы</td><td colspan="5">Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру.
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)
Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</td></tr>
<tr><td></td><td>Ертегі «Бауырсақ»(көркем әдебиет)</td><td>Ертегі «Үш аю» (көркем әдебиет)</td><td>Ертегі «Түлкі мен қоян» (көркем әдебиет)</td><td>Ертегі «Үйшік» (көркем әдебиет)</td><td>Ертегі «Алтын жұмыртқа» (көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары</td><td colspan="5">Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.
Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).
Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотормканы дамыту).
Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</td></tr>
<tr><td>Бесінас</td><td colspan="5">Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,</td><td>Ұлттық ойын: «Түйе-түйе»
Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші «Түйе-</td><td>Ұлттық ойын: «Қоян»
Шарты: Балалар қоян сияқты секіріп жүреді. Тәрбиеші «Қасқыр</td><td>Ұлттық ойын: «Ботақан»
Шарты: Бір бала «бота» болады. Қалғандары</td><td>Ұлттық ойын: «Құстай ұш!»
Шарты: Тәрбиеші «Ұшты-ұшты, торғай</td><td>Ұлттық ойын: «Қой мен қасқыр»
Шарты: Бір бала — «қасқыр», қалғандары</td></tr>
</table>

ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	түйе, жүгіріп кел!» деп айтады. Балалар түйенің жүрісін, мойнын созған қимылын салып, жүріп көрсетеді. **Міндеті:** Балаларды жануарлармен таныстыру, қимыл-қозғалысын дамыту. Ермексаздан «гүл» жасау (м**үсіндеу)**	келеді!» десе, бәрі тез отырып, «ұяларына» тығылады. **Міндеті:** Ептілікке, шапшаңдыққа және тыңдау дағдысына үйрету.()	«Ботақан, ботақан, жүгіріп кел!» деп шақырады. «Бота» ырғалып, аяңдап келеді. **Міндеті:** Балаларды қимыл арқылы ойнауға, жануарларды тануға үйрету. Ботаның бейнесін түрлі түсті қағаздан жасау(**жапсыру)**	ұшты!» десе, балалар қолдарын жайып ұшады. Ал «Ұшты-ұшты, сиыр ұшты!» десе, қозғалмауы керек. **Міндеті:** Назарын шоғырландыру, қимыл үйлесімділігін дамыту. Құстардың бейнесін жасау **(жапсыру)**	— «қой». Қасқыр қойларды қуып ұстайды. Ұсталған бала қасқырдың рөліне өтеді. **Міндеті:** Батылдыққа, ептілікке және топпен ойнауға баулу**.(көркем әдебиет)**
Балаларменжекежұмыс	Құрылыс материалдарын көлемі, пішіні бойынша топтастыруды үйрету	Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстай білуге жаттықтыру.	геометриялық пішіндерді атауға, ажыратуға, конструктормен құрастыра білуге үйрету, жаттықтыру	оң және сол қолдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру.	пішіні бойынша топтастыруды үйрету
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Құстар мен мысық» **Міндеті:** Балалардың ептілігін дамыту, жылдам жүгіруге үйрету. **Шарты:** Балалар құс болып алаңда жүреді. «Мысық келді!» дегенде қаша жөнеліп, белгіленген орынға тығылады. Мысық рөліндегі бала құстарды ұстайды. **(дене тәрбиесі)**	«Күн мен бұлт» Міндеті: Кеңістікті бағдарлауды, қимылды шапшаң орындауды үйрету. Шарты:«Күн шықты!» дегенде балалар қолдарын көтеріп қуанады, «Бұлт келді!» дегенде еңкейіп, жерге жатады. **(дене тәрбиесі, математика негіздері)**	«Қояндар мен қасқыр» Міндеті: Жылдам қимылдау, сақтыққа тәрбиелеу. Шарты: Балалар қоян болып секіреді. «Қасқыр шықты!» дегенде індеріне жүгіріп кіреді. **(дене тәрбиесі)**	«Аю мен аралар» Міндеті: Балаларды батылдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Шарты:Бір бала — аю, қалғандары — аралар. Аю ұяға жақындағанда, аралар «зыңылдап» қашады. **(дене тәрбиесі)**	«Тышқандар мен мысық» Міндеті: Жылдам жүгіруді дамыту. Шарты: Балалар — тышқандар, бір бала — мысық. Мысық тышқандарды қуып ұстайды. (дене тәрбиесі)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б.				

	жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	«Менің анам» бейнесі (тік және көлденең сызықтар пайдалану) Дайын пішіндерден «Анамның көйлегі» бейнесін жапсыру **(Сурет салу, Жапсыру)**	**«Әкенің машинасы» суретін** **«Әкем жұмысқа барады»** **Ермексаздан «доп» жасау** **(Сурет салу, Мүсіндеу)**	**«Әженің пеші» кірпіштерден соғу** **«Ата-әжем бізге қонаққа келді»** **Ермексаздан «бауырсақ» жасау** **«Әжемнің орамалы» суретін бояу** **(Құрастыру, Сурет салу, Мүсіндеу)**	**«Әпкем қуыршақ ойнайды» бояу** **Ермексаздан «қуыршақтың басын» жасау** **«Әпкенің көйлегі»** **(Сурет салу, Мүсіндеу)**	**«Отбасы үйі» кірпіштерден құру** **«Менің отбасым дастарқан басында»** **Ермексаздан «жемістерді» жасау** **«Отбасы суреті» – дайын пішіндерден** **(Құрастыру, Сурет салу, Мүсіндеу)**
Балалардыңүйгекай туы	**Өнегелі 15 минут**: Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут**: Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Бүгінгі бақшадағы қызықтары туралы әңгімелесіп, сұрақ қойыңыз. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут**: Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут**: Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**	**Өнегелі 15 минут**: Бірге үстел үсті ойын ойнап, логикасын дамытыңыз. Бірге сурет салып, күннің әсерлерін бейнелеңіз. Сау болыңыз! **(Сөздік минимум)**

Тәрбиешілер:Жаулыбекова А.Б

Бегешева С.М

Әдіскер: _____Мамырова Г.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ортаңғы «Айгөлек» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 06.10 - 10.10.2025 жыл 2 апта
Қазан бірлік және ынтымақ айы
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 06.10.2025 ж	Сейсенбі 07.10.2025 ж	Сәрсенбі 08.10.2025ж	Бейсенбі 09.10.2025ж	Жұма 10.10.2025ж
Балалардықабылдау	Сәлеметсіз бе! **(Сөздік минимум)** Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында, балаларға қазақтың ұлттық аспабы — домбыраны таныстыру;Күй өнерінің ерекшелігін, маңызын түсіндіру; Балаларға музыкалық тәрбие беру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті ояту. Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15минут:** Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз**.**				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Адал азамат біртұтас тәрбие** Ата отыр кәріміз, Қуат берер дәріміз, Әулиедей аялап Ардақтаймыз бәріміз.Үлкенге құрмет, кішіге ізет	**Адал азамат біртұтас тәрбие** Әжем өрнек тереді, Оймақ сарақ оюлап. Басы ауыра береді, Шай ішпесе қоюлап. **(Көркем әдебиет)**	**«Қимылды QR-квест»Міндеті:** Жүгіру, секіру, қимылды дамыту, есте сақтауды жетілдіру. **Заманауи әдіс:** Тәрбиеші алаңға QR-код қойып қояды (әр кодтың ішінде тапсырма: «қояндай секір», «құстай қолыңды қағып жүгір»). **Шарты**: Балалар QR-кодты планшетпен оқиды, тапсырмасын орындайды.	**Қауіпсіздік іс әрекеті** «ТЖ» кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгі жас қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	**Экологиялық тәрбие «Батады,батпайды»** Балалар доп суға неге батпады? Балалар: өйткені доп жеңіл. Тәрбиеші: кәне допты алып барлығымыз суға салып көрейік. Ал балалар мынау не? Тас, тас қандай? Қатты, ауыр. Тасты суға салайық. Тас не істеді суға батып кетті, өйткені тас ауыр. **(қазақ тілі)**
Ертеңгілік жаттығу	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені) «Қояндар отырады». Қолды алдыға созып отыру, тұру. «Қояндар секіреді» . Қол кеудеде, бір орнында қос аяқпен секіру. Дем басу жаттығулары. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	«Масаны ұста». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде. 1- қолды жанға созу.2- қолды жоғары көтеріп шапалақтау. 3- б.қ.к. «Батырлар». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде, қол екі жанға созылған. 1- қолды бүгу. 2- б.қ.к. «Иілу». Б.қ: н. т, қол белде. 1- екі жанға кезекпен иілу. 2- б.қ.к. «Еденде». Б.қ: еденде отыру,аяқ созылған. 1- алдыға еңкейіп, қолды аяқтың басына жеткізу.2 - б.қ.к. «Отырып, тұру». Б.қ: аяқ иық деңгейінде, қол алдыға созылған. 1- бір орнында отырып, тұру. 2- б.қ.к. «Секіру». Б.қ: аяқ алшақ, қол төмен түсірілген. 1- бір орнында қосаяқпен секіру.2- б.қ.к. Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып				

	болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, шәй, май, ірімшік, сүт, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын! Рахмет! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаны с-әрекетке дайындық	**2-ші апта дәйек сөзі** «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.»				
	Үстел үсті ойын: «Пішіндерді тап» **Міндеті:** Негізгі геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) тануға үйрету. **Ойын барысы:** Тәрбиеші түрлі пішіндерді қояды. «Дөңгелекті тап», «Үшбұрышты көрсет» дейді. Бала тиісті пішінді көрсетеді. **(математика негіздері)**	**Ұлттық ойын:** «Сақина салмақ» **Міндеті**: Зейінді, байқампаздықты және достық сезімді дамыту. **Ойын барысы**: Балалар шеңбер жасап отырады. Тәрбиеші алақанмен сақинаны бірінің қолына білдірмей салады. «Сақина кімде?» дегенде балалар болжайды. Сақина кімде болса, келесі жүргізуші болады.	**Дидактикалық ойын**: «Тәтті ме, тұзды ма?» **Міндеті:** Дәм сезу ұғымын дамыту, тағам түрлерін ажыратуға үйрету. **Ойын барысы:** Тәрбиеші суреттер көрсетеді (қант, тұз, бал, тұзды қияр). Балалар қандай дәм екенін айтады: «Қант — тәтті», «Тұз — тұзды». **(қазақ тілі)**	**Қимылды ойын**: «Қояндар мен қасқыр» **Міндеті**: Қимыл шапшаңдығын,ептілікті дамыту. **Ойын барысы**: Балалар – қоян, ал тәрбиеші – қасқыр. Қасқыр келгенде балалар «інге» (белгіленген шеңберге) қашады. Қасқыр ұстап үлгермесе, қайтадан ойын басталады. **(көркем әдебиет)**	**Дидактикалық ойын** : «Кім қайда тұрады?» **Міндеті:** Жануарлар мен олардың мекенін ажыратуға үйрету. **Ойын барысы**: Тәрбиеші суреттер таратады: қоян, балық, құс, сиыр. Балалар айтады: – Қоян – орманда, – Балық – суда, – Құс – ұяда, – Сиыр – қорада. **(тіл дамыту)**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Музыка**	**Қазақ тілі,** **дене тәрбиесі**			**Дене тәрбиесі**
	Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша). **Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Ойын:***«Күнге көмектесейік»* **Міндеті:** Желімдеу техникасын үйрету арқылы, балаларға желімді қылқаламға, мұқият жағып алу дағдысын	**Қазақ тілі** **Ойын:** «Қуыршаққа үйшік салайық» **Міндеті:** Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қысқа тақпақ: *Үйшігім бар әдемі,* *Қуыршаққа керемет.* Сұрақтар: – Бұл не? (Үй) – Үй кімге? (Қуыршаққа) **Ойын**: «Тыңда да жаса»	**Ойын:** «Көшедегі жол белгілері» **Міндеті:** Өлшемдері қарама-қарсы және бідей заттарды салыстыруҚысқа тақпақ: Көшеде белгі тұрады, Жолды бізге ұқтырады. Сұрақтар: – Бұл не? (Жол белгісі) – Жол белгісі не үшін керек? Ойын:«Дұрыс белгіні тап»	**Ойын:** «Сиқырлы сезімдер қорабы» **Міндеті:** Заттардың сапалары мен қасиеттерін дамыту. Сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. (Сипап сезу) Балалар көзін жұмып, қораптан бір зат алады. Сұрақтар: – Бұл жұмсақ па, қатты ма? – Үлкен бе, кіші ме?	**Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **Ойын:***«Сиқырлы қарындаш пен қылқалам»* **Міндеті:** Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, балаларға дұрыс ұстауды үйрету . Қысқа тақпақ: *Қарындашым жүгірді,* *Қағазға із қалдырды.* Сұрақтар:

	қалыптастыруҚысқа тақпақ оқу: *Күн күледі жарқырап,* *Бізге жылу сыйлап ап.* – Бұл не? (Күн) – Күн қандай? (Сары, жылы) **Ойын:** «Күнге сәуле сыйлайық» Тәрбиеші көрсетеді: Қылқаламды желімге батырамыз; Артық желімді алып тастаймыз; Қағаздың артына ақырын жағамыз; Бөлшекті орнына жапсырамыз. Балалар қайталайды. Сөздерді бірге айту: *желім, қылқалам, жапсырамын*. **(Жапсыру, Тіл дамыту және көркем әдебиет, Қазақ тілі, Құрастыру)**	**1-кезең (көрнекілікпен):** Тәрбиеші көрсетіп айтады: – Қызыл текшені ал. – Оны төменге қой. Балалар үлгіге қарап орындайды. **2-кезең (көрнекіліксіз):** Тәрбиеші тек сөзбен айтады: – Көк текшені ал. – Оның үстіне сары текшені қой. Балалар тыңдап, орындайды. Қайталау сөздері: *ал, қой, үстіне, төменге*. **Дене тәрбиесі** (Дене нұсқаушысының жоспары бойынша) **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Құрастыру)**	1-кезең (салыстыру): Тәрбиеші екі белгіні көрсетеді: – Қайсысы үлкен? – Қайсысы кіші? Балалар көрсетіп, айтады. 2-кезең (бірдей заттарды табу): – Бірдей жол белгілерін тап. – Екі бірдей белгіні қатар қой. 3-кезең (құрастыру): Балалар текшелерден жол жасайды, жол бойына үлкен және кіші белгілерді орналастырады. Сөздерді бекіту: үлкен, кіші, бірдей. **(Математика негіздері, Құрастыру, Тіл дамыту және көркем әдебиет,)**	«Тыңдап тап» (Есту арқылы) Тәрбиеші қоңырауды немесе сылдырмақты сылдыратады. – Қандай дыбыс? – Қатты ма, жай ма? «Дәмін татып көр» (Дәм сезу) Балалар шағын бөлікті татып көреді. – Тәтті ме? – Дәмді ме? «Құрастырып көр» (Құрастыру) Балалар қатты текшелерден мұнара құрастырады. – Қандай текшелермен салдық? (Қатты, үлкен) **Ойын:**«Домалақ доп» **Міндеті:** Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу дағдыларын дамыту. (ыдыстар, ойыншықтар). Тәрбиеші көрсетеді: – Ермексазды алақанымызға саламыз. – Алақан арасында домалатамыз. Балалар доп жасайды. Сөздерді қайталау: *домалақ, доп*. **(Қоршаған әлеммен танысу, Математика**	– Қарындаш не істеді? – Ол қайда жүгірді? **Ойын:** «Қарындаш қалай жүреді?» Тәрбиеші көрсетеді: – Қарындашты қатты қыспай ұстаймыз. – Үш саусақпен жеңіл ұстаймыз Балалар қайталайды. Қылқаламмен жұмыс: – Қылқаламды да жеңіл ұстаймыз. – Су мен бояуға ақырын батырмыз. Сөзбен бекіту: *жеңіл, ақырын*. **Ойын:** «Жолда абай болайық» **Міндеті:**Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Әңгімелесу Тәрбиеші көрсетеді: – Бұл не? (Жол) – Бұл не? (Бағдаршам) Қарапайым түсіндіру: – Қызыл – тоқта. – Жасыл – жүр. Ойын: «Бағдаршамды құрастыр» Тәрбиеші түсіндіреді: – Алдымен желімді қылқаламмен аламыз. – Дөңгелектерді бағдаршамға жапсырамыз.

				негіздері, Құрастыру, Мүсіндеу)	Балалар қызыл, сары, жасыл шеңберлерді ретімен жапсырады. Сөздерді бекіту: *қызыл, сары, жасыл*. Қимылды ойын *Қызыл жанса – тұр, Жасыл жанса – жүр.* Балалар қимылмен орындайды. **(Сурет,Тіл дамыту және көркем әдебиет, Қоршаған әлеммен танысу, Жапсыру)**
2-ші таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу ас болсын! Рахмет! (**Сөздік минимум)**				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту.** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.**				

	Ұлттық ойын: «Ақсерек – көксерек» **Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ «Ақсерек», екінші топ — «Көксерек». Бір топ баласын шақырып алады. **Ойын барысы:** Топтар қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші айтады: *«Ақсерек, көксерек, Бізден сізге кім керек?»* Бір топ басқа топтан бір баланың атын атайды. Сол бала жүгіріп келіп өз тобына жетуге тырысады. Балалар ұстамайды, тек «қол тигізу» ойыны ретінде жеңілдетіледі.	**Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** **Ойын шарты:** Балалар екі жаққа тұрып, арқанды өздеріне қарай тартады. **Ойын барысы:** Жерге сызық сызылып, екі тарап сызықтың екі жағына тұрады. Тәрбиеші белгі береді. Балалар арқанды өз жақтарына тартуға тырысады. Бір топ сызықтан арқанды шығарып алса — сол топ жеңеді. Қарт адамдар мен кішкентай балаларға қалай көмектесеміз? Тақырыбында әңгімелесу. Қарапайымдылыққа,мейірімділіккежәнеәділдікке,ересектергекұрметкөрсетуге,кішілергекөмектесугетәрбиелеу. **(қоршаған әлеммен танысу)**	**Ұлттық ойын: «Сақина салу»** **Ойын шарты:** Сақина бір баланың алақанына жасырылып, балалар қандай балада сақина бар екенін табады. **Ойын барысы:** Балалар шеңберге отырады. Тәрбиеші: сақинаны алақанына алып, балалардың алақандарының үстінен жүргізеді. Бір балаға сақинаны салады. Тәрбиеші: – «Сақина кімде?» Балалар біреудің атын атайды. Дұрыс тапқан бала келесі жүргізуші болады. Қиындылардан сақина жапсыру. **(Қазақ тілі)**	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** **Ойын шарты:** Тақияны артқа тасталған баланың тез тұрып қуып жетуі керек. **Ойын барысы:** Барлық бала шеңберге отырады. Бір бала шеңбердің айналасын жүріп, біреудің артына тақия тастайды. Артында тақия қалған бала тез тұрып, жүргізушіні қуып жетеді. Ұстаса — орнына отырады, ұстамаса — жаңа жүргізуші болады. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығыт уралытүсінікберу. «Кім тез жинайды» ойыны арқылы.Топтағы ойыншықтардан жиын жасату. **(математика негіздері)**	**Ұлттық ойын: «Асық ату»** **Ойын шарты:** Асықтарды «ату» емес, **салу** және жинау түрінде ойнатылады. **Ойын барысы:** Асықтар жерге шашылады. Балалар оларды түстеріне қарай жинайды: – «Қызыл асықтарды әкел!» – «Сары асықты тап!» Немесе балалар асықты шеңбер ішіне домалатады. — Ұсақ асықтарды жұтып қоймау үшін педагог бақылауында ойнату. — Ату емес, тек сұрыптау, домалату, санау.

	Дене тәрбиесі **Музыка**	**Дене тәрбиесі** **Қазақ тілі**			**Дене тәрбиесі**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** (нұсқаушының жоспары бойынша) **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**«Заттар және олардың орны»** **Міндеті:**Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. **Д\ойын:**«Қайда тұр?» Тәрбиеші ойыншықты әр жерге қояды. Сұрақтар: – Доп қайда? – Аю қайда? Балалардың жауаптары (тәрбиеші көмегімен): Доп **үстелде** Аю **үстелдің астында** Машина **орындықтың артында** Кубик **аюдың жанындаМіндеті:**Қазақ халқының ұлттық ыдыс-	**Дене тәрбиесі** (нұсқаушының жоспары бойынша) **Қазақ тілі** **«Сөзді тыңда, айт, орында»Міндеті:** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).Д\ойын: «Біреу ме, көп пе?» Тәрбиеші суреттерді көрсетеді. Бұл не? → **алма** Ал мынау ше? → **алмалар** Балалар көпше түрде қайталайды: үй – үйлер бала – балаларҚимылды ойын: **«Кім тез орындайды?»** Тәрбиеші айтады: – Бар! – Кел! – Айт! Балалар қимылмен және сөзбен орындайды. **Міндеті:** Өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу шығармашылығын дамыту. «Еркін құрастыру» Балалар өз қалауы бойынша құрылыс	**«Кеңістікті бағдарлаймыз»** **Міндеті:**Кеңістікті бағдарлау: (алдында-артында) Д\ойын: «Қайда тұр?»Тәрбиеші ойыншықты орналастырады. – Машина үйдің алдында тұр. – Машина үйдің **а**ртында тұр. Балалар бірге қайталайды.Қимылды ойын:«Мен қайдамын?»Балалар тұрады: – тәрбиешінің алдында – тәрбиешінің артында Айтады: – «Мен алдыңдамын» – «Мен артындамын»Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Д\ойын: «Өз бұйымыңды жаса» Балалар өз қалауынша бұйым мүсіндейді: Доп,Торт,Моншақ,Кесе	**«Менің достарым – үй жануарлары»Міндеті:** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.**Д\ойын**: "Қай жануарды тыңдаймыз?"*(қозғалысқа қосу)* Балаларға жануарлардың дыбыстарын тыңдатып, сол жануардың суретін көрсету немесе көрсетуге сұрау. Балалар дыбысқа қарап жануарды тауып, төлін айтуға тырысады. Мысалы: «Мәәә!» – бұл қай жануар? (Қой), төлін кім атайды? (Қозы)**Д\ойын:** "Жануарды және оның төлін табу"Суреттерді (немесе ойыншықтарды) үстелге немесе коверге қою. Балаларға тапсырма беру: «Бұл жануардың төлін табыңдар!» Мысалы: балаларға сиыр мен бұзаудың	**Дене тәрбиесі**(нұсқаушының жоспары бойынша)**Міндеті:**Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. **Д\ойын** :"Сөздерді қайталау"Шығармадан қысқа үзінділерді мәнерлеп оқу: «Сиыр мен бұзау бірге ойнап жүрді» «Қой өз қозысын шақырды» «Қозы секіріп жүр» «Қайталаңдар: сиыр, бұзау» деп бағыт береді. Балалар сөздерді мәнерлеп, қимылмен бірге қайталайды. **Міндеті:**Балаларға білуге және әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, жануарлар) арқылы балалардың қиялын,

	аяқтарымен және тұмыстық заттаррымен таныстыру арқылы, ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіруге үйрету. Д\ойын: «Оюды жапсырайық» Тәрбиеші көрсетеді: – Желімді оюдың артына жағамыз – Ыдыстың шетіне жапсырамыз Балалар қарапайым ою элементтерін (ирек, дөңгелек, жарты ай) жапсырады.Қ\ойын: Қолдарымыз жұмыс істеп, Оюларды жапсырайық, Ұлттық ыдыс әдемі, Көңіліміз шат болайық.**(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Қазақ тілі , Жапсыру)**	материалдарынан құрастырады. Тәрбиеші бағыттайды, көмектеседі. «Айтып көр» (талдау элементі) Әр бала өз құрылысын көрсетеді. Тәрбиеші сұрақтары (жеңілдетілген): – Бұл не? – Қандай түсті? – Биік пе, аласа ма? – Кімге арнап салдың? Балалар қысқа жауап береді. Қимылды ойын: **«Құрылысшылар демалады»** Қолды создық жоғары, Енді төмен түсірдік. **(Қазақ тілі, Құрастыру)**	Тәрбиеші бағыттайды, көмектеседі.**Қимылды ойын:**Домалақтап аламыз, Созып-сызып саламыз, Қолдарымыз шаршаса, Сәл демалып аламыз. **(Тіл дамыту,көркем әдебиет, Математика негіздері, Мүсіндеу)**	суреттерін көрсету, дұрыс жұпты табу. Барлық жануарлардан жұп жасау: қой – қозы, шошқа – шұбалақ, үй қуысы – қояншық т.б. **Міндеті:** Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.**«Ермексаз не істей алады?»** Балалар ермексазды илейді, домалақтайды, жалпақтайды. Тәрбиеші әр қимылды көрсетеді.«Өз бұйымыңды жаса» ойыныБалалар өзіне ұнаған бұйымды мүсіндейді (алма, тоқаш, доп, гүл т.б.). – Ал енді таяқшамен әдемі өрнек салайық. Тәрбиеші жеке көмек көрсетеді.**(Қоршаған әлеммен таныстыру, Қазақ тілі, Мүсіндеу)**	шығармашылығын дамыту.**Д\ойын:** "Пішіндер мен заттарды ата"Балалар сурет салу кезінде әр пішінге сәйкес сөздерді айтуға шақырылады: «Дөңгелек, төртбұрыш, ұзынша» Мысалы, доп → дөңгелек, кітап → төртбұрыш, қоян → ұзынша **Қ\ойын:** "Қимылды қосу"Балалар белгілі бір затты суреттеген кезде қимылды да көрсетеді: Қоян → секіріп жүру Ит → қолын көтеріп жүру Алма → қолмен ұстап көрсету Бұл тәсіл қимыл-қозғалысты дамытып, қиялды күшейтеді. **(Тіл дамыту, көркем әдебиет, Қазақ тілі, Сурет салу)**
2- ші таңғыас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу ойын алаңын дұрыс пайдалану қауіпті заттарды ұстамау ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз жайлыдамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**«Гүлзарды бақылау»** **Міндеті:**Күзгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктерді күту, суару іскерліктерін тиянақтау. Табиғатты сүюге,әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. **Бақылау барысы:** Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді. - Қандай үй гүлдерін білесіңдер? - Қандай дала гүлдерін білесіңдер? - Олардың қандай айырмашылығы бар? - Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? - Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай? - Оларды қалай күтесіңдер?	**Желге бақылау** **Міндеті:**Балалардың жел туралы білімдерін бекіту, табиғат құбылыстарын бақылай білуге үйрету, сөздік қорларын, ой-өрісін дамыту. Көркем сөз Желдет, желдет. Жетіқара дауылдат, Өрісін құлат, Баласын жылат, Тай терісін қалтырат. Науа-астауын жалтырат. Мысал сұрақтар - Қазір қай жыл мезгілі? - Бүгін ауа-райы қандай? - Жел бар ма? - Жел қай жақтан соғып тұр? - Жылы жел ме, әлде салқын жел ме? - Желдің пайдасы бар ма? **2. Еңбек:** «Сөйлем ойлап тап» **Мақсаты:** Сөйлеу, ойлау	**Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.** **Міндеті:** ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну. 1. Сық па, жылы ма? 2. Күн желді ме, жоқ па? 3. Балалар қалай киінген? 4. Ауа райының жайы қалай анықталады? 5. Күн шуақты ма, әлде бұлыңғыр ма? 6. Қар жауып тұр ма? 7. Жуырда қар жауып, өттіме ме? Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу. Тапсырма: бұлттың суретін салу. Көркем сөз Далада қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастархан	**«Бұлттарды бақылау»** **Міндеті:** Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. **Бақылау барысы:** Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы Біле алмадым мұны әлі Білерім көк аспанның Бұлт – көшпелі бұлағы **Тәрбиеші сұрақтары** - Бұлт дегеніміз не? - Бұлттардың түсі қандай болады? - Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтінсу тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен) - Бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат – қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) - Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек – түйдек болып тұрады) - Шарбы бұлттар неге	**Қарға құсқа бақылау.** **Міндеті:**Балалардың қарға туралы білімдерін бекіту. Сұрақ –жауап арқылы сөздік қорларын молайту. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көркем сөз Қарға, қарға, қарғалар Қар үстінде жорғалар Боран соқса қор болар Бұтаға келіп қорғалар Қысып кетсе сары аяз Мысал сұрақтар - Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? - Қарға қандай құс? - Оның түсі қандай? - Ол неге жылы жаққа ұшып кетпейді? - Қарға қайда өмір сүреді? - Ертегі кейіпкерінде қандай рол ойнайды? **2. Еңбек:** құстарға қамқорлық жасап жем

	- Гүлдер жақсы өсу үшін не істеу керек? **2. Еңбек:** Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту) **Міндеті:**Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау, гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. **3. Қимылды ойын:** «Қай топ тез жиналады?» **4. Жеке жұмыс** **5. Еркін ойын** **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	қабілеттерін дамыту. **3. Қимылды ойын:** «Түйе мен ботақан» Балалар айнала шеңбер бойына тұрады. «Түйе мен ботақан» - батыры таңдалады. «Түйе» дөңгелекті айналып жүріп, «ботасын» үйге шақырады, бота одан қашып, секіріп жүреді. Балалар түйені дөңгелек ішіне кіргізбеуге тырысады, ботаны қорғайды. Түйе ботасын ұстағаннан кейін, балалар олардың үстінен бір - бірлеп секіреді, ұсталынған балалар батыр атанады. **4. Жеке жұмыс:** «Сөйлем ойлап тап» **Міндеті:**Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. **5. Еркін ойын:** **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	жапқандай, Көз тоймайды қарасаң. **2.Қимылды ойын:** «Арқан тарту!» **Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру. **3. Еңбек:** кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту. **Міндеті:**балаларды өздерінен кішілерге қамқоршы болуға тәрбиелеу. **4. Жеке жұмыс:** алдағы тосқауылдан өтерде: жүгіру, еңбектеп жүгіруге, секіруге жаттықтыру. **5. Еркін ойнау** **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	ұқсайды? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) - Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) - Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар,түнерген бұлттар) **Зерттеу жұмысы:** Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. **2. Еңбек:** Алаңды егу жұмыстарына дайындау. Қоқыстарды жинау, сыпыру. **Міндеті:**Бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру. **3. Қимылды ойын:** «Арқан тарту»Ойыншылар екі командаға 5 - 6 адамнан бөлінеді. Ортасында орамал байланған арқан алынады. Ойын міндеті - арқанды өз жағына тартып жеңу.**4. Жеке жұмыс:** Математикалық жаттығулар **Міндеті:**Тақ және жұп сандарды санай білу	беру. **3. Қимылды ойын:** «Қораздар шайқасы» Бұл ойын үшін алдын - ала мүмкіндігінше үлкен етіп, дөңгелек сызу керек. Қарсыластар бір аяқтап жүріп, дөңгелек ішінен бір - бірін итеріп шығаруы керек. Екінші аяғы жерге тисе, ол ойыншы ұтылған болады. **4. Жеке жұмыс:** «Тез сөйле» **Міндеті:**Сөздің мағынасын түсіндіре білуге үйрету. **5. Еркін ойын:** **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**

				дағдыларын жетілдіру.**5. Еркін ойын(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)** **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	«Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беру. **(Көркем әдебиет)**	«Бесік жырын» тыңдату. **(Музыка)**	«Ана мен бала» музыкасын тыңдату. **(Музыка)**	«Мақта қыз» ертегісін оқып беру. **(Көркем әдебиет)**	«Торғай мен тышқан» ертегісін оқып беру **(Көркем әдебиет)**.
Біртінде п ұйқыда ноятусауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию түймелерін қадау сырмаларын сыру аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу құрғатып сүрту сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық	Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар	Қарт адамдар мен кішкентай балаларға қалай көмектесеміз?	«Ғажайып қоржын»бала қоржыннан бір зат аладырту. Содан соң сол	Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі	Балалардың назарын терезеге аудырту. Ауа райы туралы сұрау. Өздері еңбектеніп жинаған

ұлттық сюжетті-рөлдік үстел үсті-баспа және басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті кітап қарау және басқалары)	жәнеқоршағанортазаттарының қолданылуманыздылығынтүсіну,затматериалдардыңбелгілі жәнебелгісізқасиеттерінсөйлеудеқолдануды дамыту. **(Сөйлеуді дамыту)**	Тақырыбында әңгімелесу. Қарапайымдылыққа,мейірімділіккежәнеәділдіккке,ересектергекұрметкөрсетуге,кішілергекөмектесугетәрбиелеу.**(қоршаған әлеммен танысу)**	заттардыңатауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды,материалдардыңбелгілі жәнебелгісізқасиеттеріната уын ұйымдастыру, құрастыру **(Сөйлеуді дамыту, Құрастыру)**	заттардантұратындығытуралытүсінікберу. «Кім тез жинайды» ойыны арқылы. Топтағы ойыншықтардан жиын жасату. **(математика негіздері)**	жапырақ, жаңғақ дәндер мен бұталарды пайдаланып топқа сәндік композициянықұрастырту. Құрастыру кезіндезаттарменнысандардыңкөлемібойыншаарақатынасынескеруді жетілдіру.**(Жапсыру,Құрастыру)**
Балаларменжекежұмыс	кеңістік пен уақытты бағдарлап үйрету;	туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсінік қалыптастыру	кеңістікті және уақытты бағдарлауға үйрету. -қағаздан көлемді пішіндерді жасауғаүйрету	табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесіне үйрету	-түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып қағаз парағын түрлендіруге үйрету.
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу тамақты ауызды жауып шайнау ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйретубалаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру суды жарықты үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет ету кезекшілердің еңбек әрекеті «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу ойын алаңын дұрыс пайдалану қауіпті заттарды ұстамау ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз жайлыдамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Орманда серуен» **Міндеті:** Қозғалыс бағыттарын өзгертуге үйрету. **Шарты:** Балалар «орман ішімен» жүреді «жануар шықты!» десе иіліп	«Күннің шуағы» **Міндеті:** Жылдам қимыл және бағытты бағдарлау. **Шарты:** Балалар шеңберге тұрып қолдарын жоғары көтеріп күн сәулесін бейнелейді. «Бұлт басты!» десе отырады.	«Көңілді жол» **Міндеті:** Тепе-теңдік пенептілікті дамыту. **Шарты:** Тәрбиеші арқан немесе сызық сызады. Балалар сол сызық бойымен құламай жүреді.	«Машиналар жарысы» **Міндеті:** Жылдам реакция мен бағытты сезінуге үйрету. **Шарты:** Балалар машиналар болып жүреді. «Жол ашық!» десе жүгіреді «жол жабық!»	«Күзгі бақ» **Міндеті:** Табиғатқа қызығушылық пен қимыл үйлесімділігін дамыту. **Шарты:** Балалар жерге түскен «жапырақтарды» (қағаз қиықтары) теріп себетке жинайды.

	тығылады.			десе тоқтайды.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу өлеңдер әндер жаңылтпаштар санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарға қарап ата апа, ана әке, аға, әпке сөздерін айтуын пысықтау. **Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Сазбалшық** Сазбалшықпен ойындар алақанмен домалақтап бауырсақ жасау. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет,мүсіндеу)**	Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін қайталап пысықтау **(Мүсіндеу)** Жемістерді жапсыру **(Жапсыру) Саусақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру**.(Көркем әдебиет)**	Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін үйретуді жалғастыру. **Көлеңке театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Құм терапиясы** Түрлі-түсті құмдармен еркін ойнау **(көркем әдебиет,мүсіндеу)**	Кітаптардан көліктердің суреттерін көрсету. Көліктің дыбысын салуды үйрету. Жаңбырдың суреттерін көрсету.Сұқ саусақтарын бояуға тигізіп, қағазға таңба қылып басып, жаңбыр тамшыларын салдырту. **Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Құрылыс ойындары** Конструкторлармен ойындар **(Құрастыру,сурет салу)**	Балаларға мысықты көрсетеді ол далада жүріп табаны лас боптыенді еденде жүргенде және қағазға аяғын басқанда іздері қалыпты деп қағаз бетіндегі іздермен таныстыру. Сосын сұқ саусақпен дақтар түсіру арқылы мысықтың ізін қағаз бетіне салуды үйрету Бояуды дұрыс пайдалануға жаттықтыру. **Үстел үсті театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Саусақ ойындары** Дидактикалық ойындармен еркі ойындар **(Сурет салу,көркем әдебиет)**
Балалардыңүйгекай туы	Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі жетістігі іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып тапсыру.	Балалардың жеке заттарын (киім аяқ киім қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.	Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**	Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру).

Тәрбиешілер: Жаулыбекова А.Б,
Бегешева С.М

Тексерген әдіскер: ---------- Мамырова Г.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ортаңғы «Айгөлек» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.11 - 28.11. 2025 жыл IV апта
Қараша әділдік және жауапкершілік айы
Жауапты болу
Уәделерді орындай білу
Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу түсіну

Күнтәртібі	Дүйсенбі 24.11.2025 ж	Сейсенбі 25.11.2025 ж	Сәрсенбі 26.11.2025ж	Бейсенбі 27.11.2025ж	Жұма 28.11.2025ж
Балалардықабылдау	**Сөздік минимум**: (Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе!) Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, санау,тәртіп сақтау)**(Математика негіздері)** **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі (Тіл дамыту)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу кеңес беру	**Өнегелі 15-минут:**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас ортақ мүдделер өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз бұл сенімділік береді.				

	Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын танымдық коммуникативтік шығармашылық эксперименталдық еңбек қимыл бейнелеу дербес және басқалары	**Танымдық ойын**«Түстерді тап» **Шарты:** Тәрбиеші түрлі түсті ойыншықтар немесе карточкалар көрсетеді. Балалар түсті атайды және айналасынан дәл сондай түсті затты табады.	**Танымдық ойын**«Кім қалай дыбыстайды?» **Шарты:** Тәрбиеші жануарлардың суреттерін көрсетеді. Балалар сол жануардың дауысын салады (мысық мияу ит гав-гав сиыр мөө т.б.). Мысықтын суретін қылқаламмен бояу. **(Сурет салу)**	**Коммуникативтік ойын** — «Сиқырлы қапшық» **Шарты:** Қапшықтың ішіндегі заттарды сипап балалар не екенін табады және сипаттайды (жұмсақ домалақ кішкентай т.б.) **(Математика негіздері)**	**Қимыл-қозғалыс ойыны** —«Жел соқты» **Шарты:** Балалар ағаш секілді тұрады. Тәрбиеші «жел соқты!» десе тербеледі «жел тоқтады!» десе қимылсыз тұрады. Ағаштың суретін бояу. **(Сурет салу)**	**Танымдық ойын** — «Жемісті тап» **Шарты:** Балаларға түрлі жеміс пен көкөніс суреттері көрсетіледі. Олар атауларын айтып қайсысы жеміс қайсысы көкөніс екенін ажыратады. Ермексаздан қызанақ жасау. **(Мүсіндеу)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату. Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты:Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1) « Күншуақ ».Б.қ: аяқ иық кеңдігінде, қол жанда. 1- қолды жоғары көтеру, түсіру. 2- б.қ.к. 2) « Қолды айналдыр ». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде, қол иықта. 1- қолды алға, артқа айналдыру. 2- б.қ.к. 3) «Күштілер ». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде,қолды екі жаққа созу. 1- шынтақты бүгіп оңға (солға) қимыл жасау. 2- қолды екі жаққа созу. 3- б.қ.к. 4) « Бел айналдыру ». Б.қ: қол белде. 1- белды оңға(солға) айналдыру. 2- б.қ.к. 5) « Сырғанау ». Б.қ: қолды еденге тигізіп, шалқадан жату. 1- оң жаққа жылжу.2- тоқтау. 3- сол жаққа жылжу. 4- б.қ.к. 6) « Отыру». Б.қ: н,т. 1- қолды алдыға созып, отыру. 2- б.қ.к. 7)« Секіру». Б.қ: н,т. 1- орнында тұрып секіру. 2- б.қ.к. 8) Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру жуыну кезінде киімді суламау жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу тамақты ауызды жауып шайнау ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру суды жарықты үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет ету кезекшілердің еңбек әрекеті «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**4 – ші апта дәйек сөзі.** «Шыншыл болу – әділ болу.»				
	Дидактикалық ойын: «Күз белгілері» **Міндеттері:**бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды үйрету.**Шарты:** Түрлі түсті бояқпен күз белгілерін бояп көрсету. Ағашқа ермексазбен жапырақ мүсіндеп жапсыру.**(Сурет салу, мүсіндеу)**	**Дидактикалық ойын:** «Менің отбасым» **Міндеттері:**отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету.**Шарты:** Отбасы мүшелерін шатастырмауға.(**Қоршаған әлеммен танысу)**	**Шығармашылық ойын**:«Үй салу» **Міндеттері:**бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру. **Шарты:** балаларға жеке жеке құрылыс материалдарынмен таныстыру. Дайын қиындылардан үй жапсыру. **(Құрастыру, Жапсыру)**	**Үстел-үсті ойын:** «Ойланда тап»**Міндеті:** Тәулікбөліктері(күндіз,түн)туралы ұғымдарынкеңейту. **Шарты:**Тәулік бөліктерінің суреттері беріледі сол суреттерді өз ретттеріліктері бойынша құрастыра отырып орналастыру**.(Құрастыру)**	**Шығармашылық ойын:**Қоян және тиін **Міндеттері:** Аңдар туралы түсініктерін молайту, ойлау қабілеттерін дамыту. **Шарты:** Аңдар қайда мекен етеді түсіндіру. Конструктордан аңдарға қоршау құрастыру. **(Құрастыру)**
	Дене тәрбиесіМузыка	**Дене тәрбиесіҚазақ тілі**			**Дене тәрбиесі**
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**«Менің Қазақстаным»** Қазақстан Республикасының әнұранын орындау **Дене тәрбиесі** (нұсқаушының жоспары бойынша) **Музыка** (музыка жетекшісінің жоспары бойынша) **«Ертегі бізбен бірге»** **Міндеті:** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру,	**Дене тәрбиесі** (нұсқаушының жоспары бойынша) **Міндеті:** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.Д\ойын: «Сұраққа жауап бер» Тәрбиеші ертегіні қысқаша айтып, сұрақтар қояды: Бауырсақты кім пісірді? Ол кімдерге жолықты? Қоян не деді?	**«Бір күн қонақта»Міндеті:**Уақытты бағдарлау:Тәулік бөліктері: таңертең-кешке. Д\ойын: «Қай кезде болады?» Тәрбиеші суреттерді көрсетеді. – «Бұл қашан болады?» Балалар: *«Таңертең», «Кешке»* деп жауап береді.Д\ойын: «Күн мен Ай» Күн суреті көрсетілсе – балалар «таңертең» дейді Ай суреті көрсетілсе – «кешке» дейді	**«Біз әдепті баламыз»Міндеті:**Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Д\ойын: «Сыпайы сөзді айт» Тәрбиеші жағдаят айтады: Біреу көмектесті Қонақ келді Үйге қайтып барамыз	**Дене тәрбиесі** (нұсқаушының жоспары бойынша)**«Біздің ауладағы өсімдіктер»** **Міндеті:** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Д\ойын: «Атауын тап» Тәрбиеші өсімдік суреттерін көрсетеді. – «Бұл қандай өсімдік?» Балалар: «Ағаш», «Гүл», «Шөп» деп жауап береді. Түрлі-түсті ермексаздан гүлді мүсіндейді.Д\ойын: «Қайда өседі?» Суреттерді дұрыс

	қызығушылығын ояту. Д\ойын: «Кейіпкердің дауысын сал» Бауырсақ – көңілді, жеңіл дауыс Аю – жуан, баяу Қоян – жіңішке, тез Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды. Қимылды ойын: «Бауырсақ қалай жүреді?» Музыкамен: – домалап жүру – тоқтау – секіру **Міндеті:**Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру.Д\ойын: «Не таптың?» Сандықтан бір-бірлеп әшекей бұйымдары алынады. Тәрбиеші әр бұйымды көрсетіп, атауын айтады: **Білезік** – қолға тағады **Жүзік** – саусаққа тағады **Сырға** – құлаққа тағады **Тұмар** – қорғайды **Балдақ** – сәндік әшекей Балалар бірге қайталайды. Д\ойын: «Қуыршақты сәндейік» Балаларға қыз баланың бейнесі салынған парақ таратылады Әшекейлерді	Балалар қысқа жауап береді (бір-екі сөзбен). **Міндеті:** Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырыу дағдыларын қалыптастыру. Д\ойын: «Қоршау салайық» Балалар кірпіштер мен тақтайшаларды қатарлап, тігінен орналастырып, қоршау құрастырады. Тәрбиеші жеке-жеке көмектеседі. Қимылды ойын: «Тік – жаттығу» «Тік тұр!» – балалар тік тұрады «Жат!» – отырып қалады Тік–көлденең ұғымын бекіту. **(Қазақ тілі, Математика негіздері, Құрастыру, Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	Қимылды ойын: «Таңертең – оянамыз, кешке – ұйықтаймыз» Таңертең – созылу, жуыну қимылдары Кешке – баяу қозғалып, ұйықтау қимылы**Мүсіндеу:**Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру.Д\ойыны: «Әшекей жасайық» **Білезік** – ермексазды ширату, шеңбер жасау **Жүзік** – кішкентай шеңбер **Сырға** – домалақ немесе тамшы пішін **Тұмар** – жалпақ үшбұрыш Тәрбиеші әр қимылды баяу көрсетеді, балалар қайталайды. Қимылды ойын: «Әшекейді тағайық» Қимылмен көрсету: Сырға – құлаққа Білезік – қолға Тұмар – мойынға **(Матиматика негіздері,** **Қазақ тілі, Мүсіндеу)**	Балалар тиісті сөзді айтады: «Рахмет», «Сәлеметсіз бе», «Сау болыңыз». Д\ойын: «Таза топ» Балалар ойыншық қоқыстарды себетке жинайды. Тәрбиеші: – «Топта қалай жүреміз?» – «Таза ұстаймыз.» Қимылды ойын: «Аулада тәртіп сақтаймыз»Балалар:Жүгірмей, жай жүредіҚоқысты жерге тастамайдыГүлдерді жұлмайды. **(Қоршаған әлеммен танысу, Қазақ тілі, Тіл дамыту, Жапсыру)**	орналастыру:Ағаш – аулада Гүл – гүлзарда Шөп – далададағы Қимылды ойын: «Өсімдік қалай өседі?»Тұқым – отыруӨсу – баяу тұруГүл ашу – қолды жайып көрсету. **Міндеті:** Балаларға заттарды бейнелеу арқылы бірнеше көлденең және сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуге үйрету.Д\ойыны: «Қоршау салайық» Алдымен бірнеше **тік сызықтар** сызу Кейін үстінен **көлденең сызық** жүргізу Тәрбиеші әр қадамды көрсетіп отырады. Д\ойын: «Қандай сызық?» Тәрбиеші дайын суретті көрсетеді: – «Бұл қоршау. Ол қандай сызықтардан тұрады?» Балалар: «Тік», «Көлденең» деп жауап береді. **(Қоршаған әлеммен**

	өз орнына жапсырады, Тәрбиеші бағыт береді: – «Сырға қайда тағылады?» – «Жүзікті қай саусаққа жапсырамыз?» **(Көркем әдебиет,тіл дамыту,Жапсыру, Қазақ тілі)**				**танысу, Қазақ тілі, Сурет салу, мүсіндеу)**
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу ойын алаңын дұрыс пайдалану қауіпті заттарды ұстамау ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз жайлыдамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Күзгі ағаштарға бақылау** **Міндеті:**Балалардың ағаш туралы білімдерін бекіту. Сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын, ой-өрісін дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болар еңбек еткенің. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенін **Мысал сұрақтар:** -Қазір жылдың қай мезгілі? -Ағаштардың	**Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау.** **Міндеті:**ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну. 1. Сық па, жылы ма? 2. Күн желді ме, жоқ па? 3. Балалар қалай киінген? 4. Ауа райының жайы қалай анықталады? 5. Күн шуақты ма, әлде бұлыңғыр ма? 6. Қар жауып тұр ма? 7. Жуырда қар жауып, өттіме ме? Серуендеп келген	**«Желді бақылау»** **Міндеті:**Жел туралы түсініктерін бекіту. Жел түрлерін есте сақтау. **Бақылау барысы:** Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Ағаштарды шайқайды Көзге көрінбейді Шарлағанда сай – сайды Бір сәт ерінбейді (Жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын	**Құстарға бақылау** **Міндеті:**Балаларға құстар туралы білімдерін бекіту. Құстардың дене пішіндерін айта білуге үйрету. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Құстарға қамқор бола білуге баулу. Көркем сөз Құстар бейне жастардай Тұра алмайды ән салмай. Боз ала таңда боз торғай Қоя алмайды қарсы алмай. **Мысал сұрақтар:** - Қандай құстарды	**Қырауды бақылау.** **Міндеті:**балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. **Көркем сөз.** Тазартып бар кір шаңнан,

	жапырақтарының түсі қандай? -Неге күзді Алтын күз деп атайды? -Неге күзде жапырақтар жерге түседі? -Жерде жатқан жапырақтар неге ұқсайды? **2. Еңбек:** тал түбіндегі жапырақтарды жинау.**3. Қимылды ойын:** «Айқасу»Ойыншылар екі командаға бөлінеді. Орталық алаңға бірінші жұп шығады: әрбір командадан бір - бір адам шығады. Бір - біріне арқасымен тұрып, шынтақтарын айқастырады. Команда бойынша бір - бірін көтереді, аяқтары еденнен көтерілуі керек. Қарсыласын көбірек көтерген команда жеңімпаз атанады.**4. Жеке жұмыс:** Сурет бойынша сөйлем құрау.**Міндеті:**Сауатты дұрыс сөйлеу қабілетін дамыту.**5. Еркін ойын:(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу. Тапсырма: бұлттың суретін салу. Көркем сөз Далада қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастархан жапқандай, Көз тоймайды қарасаң. **2.Қимылды ойын:** «Арқан тарту!» **Мақсаты:** қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру. **3. Еңбек:** кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту. **Міндеті:**балаларды өздерінен кішілерге қамқоршы болуға тәрбиелеу. **4. Жеке жұмыс:** алдағы тосқауылдан өтерде: жүгіру, еңбектеп жүгіруге, секіруге жаттықтыру. **5. Еркін ойнау (Қоршаған әлеммен таныстыру)**	байқауға ұсынады. **2. Еңбек:** Гүл өсіретін клумба алаңды дайындау. **Міндеті:**Бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. **3. Қимылды ойын:**«Торғайлар мен мысық» Бірінші «мысықты» таңдайды, қалған қатысушылар «құстар» болып зал ішінде жүгіріп жүреді. Дабыл бойынша «мысық» жүгірі шығады да, оларды ұстай бастайды. Ұсталған «құс» енді «мысық» болады.**4. Жеке жұмыс:** «Ертегі құрастыру»**Міндеті:**Әрт үрлі жағдаятттарға байланысты ертегі құрастыра білуге үйрету**5. Еркін ойын(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	білесіңдер? - Құстарды біз қандай досымыз дейміз? - Неге күзде кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді? - Қыстап қалған құстарға қандай қамқорлық жасауымыз керек? - Құстардың адамға пайдасы бар ма? - Егер құстар болмаса не болады? - Құстар қалай жуынады? **2. Еңбек:** Құстарға жем беру. **3. Қимылды ойын:** «Поезд» **4. Жеке жұмыс:** 1 – 3 дейін тура және кері санау. **5. Еркін ойын:** **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. **2. Қимылды ойын:** «Суыққойлар» **Міндеті:**қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **3. Еңбек**: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **4. Жеке жұмыс**: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) **Жорамал:** Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. **Жұмбақ:** Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. **5. Еркін ойын** **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**

Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)** **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**

«Бесік жырын» тыңдату. **(Музыка)**	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. **(Көркем әдебиет)**	«Ана мен бала» музыкасын тыңдату. **(Музыка)**	«Үйшік» ертегісін оқып беру. **(Көркем әдебиет)**	«Бесік жырын» тыңдату. **(Музыка)**

Біртін деп ұйқыд аноят у сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию түймелерін қадау сырмаларын сыру аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу құрғатып сүрту сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).

Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық ұлттық сюжетті-	**Ұлттық ойын: «Алтыбақан»** **Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлініп, «алтыбақан» тербелісін қимылмен	**Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр, қуырмаш»** **Ойын шарты:** Тәрбиеші баланың алақанына саусақпен	**Ұлттық ойын: «Асық ату»** **Ойын шарты:** Асықтарды «ату» емес, **салу және жинау** түрінде ойнатылады.	**Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** **Ойын шарты:** Тақияны артқа тасталған баланың тез тұрып қуып жетуі керек.	**Ұлттық ойын:«Сақина салу»** **Ойын шарты:**Сақина бір баланың алақанына жасырылып, балалар қандай балада сақина бар екенін табады. **Ойын барысы:**

рөлдік үстел үсті-баспа және басқа ойындар) бейнелеу іс-әрекеті кітап қарау және басқалары)	көрсетеді. **Ойын барысы:** Тәрбиеші «Баста!» дейді. Балалар жай ырғалып, тербелген қимыл жасайды. Әуен қойылса — одан да қызықты болады.	жеңіл қимыл жасайды. **Ойын барысы:** Тәрбиеші өлеңін айтады: Қуыр-қуыр, қуырмаш, Балапанға бидай шаш. Мына жерде тары бар, Мына жерде суы бар… Балалар қолдарын қимылмен бірге жаттықтырады. Ермексаздан алақанмен ширату (домалақтау) арқылы бидай, тарыны мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**	**Ойын барысы:** Асықтар жерге шашылады. Балалар оларды түстеріне қарай жинайды: – «Қызыл асықтарды әкел!» – «Сары асықты тап!» Немесе балалар асықты шеңбер ішіне домалатады. Асықтың суретін бояу. (Сурет салу)	**Ойын барысы:** Барлық бала шеңберге отырады. Бір бала шеңбердің айналасын жүріп, біреудің артына тақия тастайды. Артында тақия қалған бала тез тұрып, жүргізушіні қуып жетеді. Ұстаса — орнына отырады, ұстамаса — жаңа жүргізуші болады.	Балалар шеңберге отырады. Тәрбиеші сақинаны алақанына алып, балалардың алақандарының үстінен жүргізеді. Бір балаға сақинаны салады. Тәрбиеші: – «Сақина кімде?» Балалар біреудің атын атайды. Дұрыс тапқан бала келесі жүргізуші болады. Балалар дайын сақинаның суретін ою-өрнекпен безендіріп жапсыру. (Математика негіздері, Жапсыру)
Балаларменжекежұмыс	денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды жаттығулардың орындалу ретін сақтауға үйрету	түрлі тапсырмалар орындап бір-бірден сапта жүргізу	өздігінен түрлі ойындар ойнайды ойын ережелерін сақтап үйрету.	денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды жаттығулардың орындалу ретін үйрету	сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны интонация) сақтауға үйрету
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу тамақты ауызды жауып шайнау ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.**Мәдени-гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет ету кезекшілердің еңбек әрекеті «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу ойын алаңын дұрыс пайдалану қауіпті заттарды				

	ұстамау ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз жайлыдамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қарлығаштың ұясы» **Міндеті:** Топпен әрекет ету жәнеептілікті дамыту. **Шарты:** Балалар шеңбер жасап «ұя» құрайды ал «қарлығаштар» шеңбердің ішіне кіріп-шығып ұшады.	«Күн мен жел» **Міндеті:** Табиғи құбылыстарды тану және қимылды басқару. **Шарты:** «Күн шықты!» десе балалар жүгіреді «жел соқты!» десе айналып қозғалады. Күнге шуақ жапсыру. **(Жапсыру)**	«Қызыл сары жасыл» **Міндеті:** Түстер мен нұсқауға тез жауап беруге үйрету. **Шарты:** Тәрбиеші түрлі түсті дөңгелектер көрсетеді: Қызыл тоқта Сары дайындал Жасыл жүгіру.	«Қояндар мен сәбіздер» **Міндеті:** Секіру дағдысын дамыту нұсқауды тыңдау. **Шарты:** Балалар қояндар тәрбиеші бақташы. Қояндар «сәбіз тереді» «ит келді!» десе қашады.	Көңілді айналма» **Міндеті:** Бірлескен қозғалысты дамыту көңіл-күйді көтеру. **Шарты:** Балалар шеңбер жасап айналып жүреді. «Тоқта!» дегенде бәрі қатып қалады «жүгіру!» десе шеңбер бойымен жүгіреді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу өлеңдер әндер жаңылтпаштар санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжетті ойын: **«Шаштараз»** Міндеті: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаштараз құралдарын(дайын суреттер) құрастыру. **(Құрастыру)**	Дидактикалық ойыны **«Шаршы құрастыр»** Міндеті: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. (Құрастыру)	**«Тәулік бөліктері »** Міндеті: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.	**«Оң және сол»** Ойынның Міндеті: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. (Математика негіздері)	Орман жануарлары бейнеленген суреттерді қарау, жануарлардың отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. Ермексаздан қалаған орман жануарын жасату. (қоршаған әлеммен танысу, Мүсіндеу)
Балалардыңүйгек айтуы	Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру).	Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі жетістігі іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.	Балалардың жеке заттарын (киім аяқ киім қолөнер жұмыстары) дайындап беру.	Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып тапсыру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.

Тәрбиешілер: Жаулыбекова А.Б,

Бегешева С.М

Тексерген әдіскер: ---------- Мамырова Г.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ортаңғы «Айгөлек» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.12 - 05.12. 2025 жыл I апта
Желтоқсан «Бірлік және ынтымақ» айы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 01.12.2025 ж	Сейсенбі 02.12.2025 ж	Сәрсенбі 03.12.2025ж	Бейсенбі 04.12.2025ж	Жұма 05.12.2025ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құрастыру.**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут**.Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	**Үстел үсті ойыны «Кеңістік»** **Мақсаты:**Алдында, артындабалаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.Ермексаздан допты қалай домалақтау керегін көрсетеді. Балалар өз доптарын мүсіндейді. **(математика негіздері, мүсіндеу)**	**Шығармашылық орталық «Көңілді бояулар»** **Мақсаты:** Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру **(Сурет салу)**	**Кітап бұрышы** **Ойын: «Қызықты кітаптар»**шағын әңгімелерді тыңдауға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, кітаптағы суреттерді қарай отырып, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. Құрастыру ойыны **Тапсырма:** «Кітапқа үй салып берейік» Балалар текшелерден кітапқа немесе кейіпкерге арнап сөре, үй құрастырады.Тәрбиеші бағыттайды: – Кітапты қайда қоямыз? – Үйдің алдына кім келеді? **(Көркем әдебиет, Қазақ тілі, Құрастыру)**	**Құрылыс орталығы «Жол» құрастыру** **Мақсаты: құрылыс** материалдарын пайдалана отырып қуыршақтың тіс дәрігеріне баратын жолын құрастыру. **Желілі рөлді ойындар орталығы «Дәрігер»** **Мақсаты:** Балалардың достық қарым -қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Құрастыру)**	**Желілі рөлді ойындар орталығы «Аурухана»** **Мақсаты:**Өздіктерінен рөлдерді бөле білуге үйрету. Қызығу шылықтарын арттыру. Бір - біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.**Ойын: «Қамқор досымызды жасаймыз»** Балалар өз рөлін орындай отырып, қағаз, жапырақ, гүл сияқты материалдарды жыртып, ұмаждап, буктеп немесе қатпарлап қағазға жапсырады. **(Тіл дамыту,Көркем әдебиет, Жапсыру)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсанайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1) «Балақай». Б.қ: аяқ алшақ, қол екі жанда. 1- қолды алдыға созу. 2- жоғары көтеру. 3- түсіру. 4- б,қ,к. 4-5 рет 2) «Қолды желкеге жасыр». Б.қ: аяқ алшақ, қол екі жанда. 1- қолды белге қою. 2- қол желкеде. 3- б,қ,к. 4-5рет 3) «Отыру, тұру». Б.қ: н.т, қолды артқа ұстау. 1- отыру, қолды алға созу, жұдырық түю. 2-б,қ,к. 5-6рет 4) «Алақай». Б.қ: еденде тізерлеп отыру қол белде. 1- тізерлеп тұрып, қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтау. 2- б,қ,к. 6-7 рет 5) «Еденде». Б.қ: отыру, аяқ түзу, қолды артқа тіреу. 1- тізені бүгу. 2- түзелу.3- б,қ,к. 4-5 рет 6) «Тізеңді құшақта». Б.қ: шалқадан жату, қол жанда. 1- тізені бүгу, аяқты құшақтау. 2- б,қ,к. 6-7 рет 7) «Секіру». Б.қ: аяқ сәл алшақ, қолды бос ұстау. 1- қос аяқпен секіру. 2-б,қ,к. 7-8рет 8 Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық				

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан,шәй, май, ірімшік ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! (Сөздік минимум)
Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">1-ші апта дәйек сөзі!
«Дос көп болса – күш көп.»
Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру
Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері
Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</td></tr>
<tr><td>Адал азамат біртұтас тәрбие
Менің мінез ережем
Шарты: Балаларға түрлі жағдаят карточкалары беріледі:
“Досымен келісе алмады”, “Қатарын итеріп өтті”, “Сабақта тыныш отырды”, “Тазалық сақтады”.
Балалар әр карточка үшін өз ережесін құрастырады: “Мен… жасаймын”, “Мен… жасамаймын”.
Мысалы: “Мен өз орнымды сақтаймын”.</td><td>Адалдық әліппесі
Таразыға сал
Шарты: Тәрбиеші екі таразы суретін көрсетеді: “әдептілік” және “әдепсіздік”. Балаларға әрекеттер айтылады (көмектесу, алдау, бөлісу, әдейі бүлдіру, сыпайы сөйлесу). Балалар оны қай таразыға салу керегін айтады. Соңында дұрыс пен бұрыстың айырмашылығын түсіндіреді.</td><td>Ерте кәсіптік бағдар беру
Маманның бір күні
Шарты: Тәрбиеші бір маманның (дәрігер, мұғалім, өрт сөндіруші, наубайшы) жұмыс барысын қысқа әңгіме ретінде айтады. Балалар қай маман екенін табады және “егер сен осы маман болсаң, күні бойы не істетер едің?” деп өз ойымен бөліседі.</td><td>Құқықтық сауаттылық
Шарты: Тәрбиеші екі сурет көрсетеді:Балалар кезекпен ойнап тұрБір бала кезектен шығарып кетіп жатыр Балалар: “Қайсысы заңға сәйкес?” деп таңдап, себебін түсіндіреді.
Ойын басқа жағдайлармен жалғасады: затқа таласу, кітапты бүлдіру, рұқсат сұрап алу.</td><td>Қаржылық сауаттылық
Ақшаны жарату жоспары
Шарты: Балаларға ойын ақшасы және үш қағаз қорапша беріледі: “Қажет”, “Үнемдеймін”, “Қалау”.
Тәрбиеші заттардың суреттерін көрсетеді: дәптер, нан, ойыншық, шоколад, киім.
Балалар әр затты сәйкес қорапқа салады. Неге олай таңдағанын түсіндіреді.
(Математика негіздері)</td></tr>
<tr><td>Дене тәрбиесі
Музыка</td><td>Дене тәрбиесі
Қазақ тілі</td><td></td><td></td><td>Дене тәрбиесі</td></tr>
</table>

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** (Нұсқаушының жоспары бойынша) **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) «Қуыршақ қонақта» **Міндеті:** Дауысты (а, ә, е, о) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.**Артикуляциялық жаттығулар** (айнамен): **«Күлімде»** – ерінді кең ашу **«Тәтті тосап»** – тілді ерінге тигізу **«Ат шауып келеді»** – тілмен дыбыс шығару**Д\ойыны:** «Қай дыбысты естідің?» Тәрбиеші баяу айтады: – а-а-а, ә-ә-ә, е-е-е, о-о-о Балалар қайталайды, дыбысты созып айтады.**Жаңылтпаш (баяу айту):***«Папа допты тепті»* *«Қап-қара қоян»* Алдымен тәрбиеші баяу айтады, балалар қайталайды. **Міндеті:**Құрастырған құрылыспен сюжетті	**Дене тәрбиесі** (Нұсқаушының жоспары бойынша) **Қазақ тілі** **«Достармен ойнаймыз»Міндеті:**Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау дағдыларын дамыту. **Сюжетті ойын:** «Қонаққа бару» Тәрбиеші ойыншық аюды көрсетеді. Аю бізді қонаққа шақырыпты. Қалай амандасамыз? Балалар: – Сәлеметсіз бе! – Қалыңыз қалай? **Қ\ойын**: «Допты досыңа бер» Балалар допты бір-біріне береді. Тәрбиеші бағыттайды: – Допты берерде «Ала ғой» дейміз; – Алғанда «Рахмет» дейміз.**Міндеті:** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы. Д\ойын: «Қосып көр» – Аласа мұнараға **бір текше қосайық**. – Енді қалай болды? Балалар байқап, жауап	**«Менің Досым»** **Міндеті:** Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдер арқылы салыстыру. **Д\ойын: «Досымды тап!»** Балаларға әр түрлі заттар шашылады. «Бұл қызыл доп». Балалар өз заттары арасынан ұқсасын тауып, жанына қояды. Жұп дұрыс тапса, балалар бірге қол соғып, «дос таптық!» деп айтады.**Міндеті:** Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **Д\ойын: «Біздің қалашығымызды сақта!»**Балалар өз мүсіндерін тақтайшаға орнатып болған соң, мұғалім қауіпсіздік ережесін еске салады:«Кім қалашықты сақтай алады?» – деп балалардан мұқият, ұқыпты болуды сұрайды. Балалар бір-бірінің жұмыстарын бұзбай, композицияны толықтырады. **(Математика негіздері,**	**«Біздің үйіміздегі заттар»Міндеті:**Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдануын қалыптастыру. Заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. **Д\ойын: «Затқа ұқсас достар»**Балаларға әр түрлі заттар шашылады«Бұл доп. Достарын тап!»Балалар өз заттары арасынан сол затқа ұқсасын тауып, жанына қоядыДұрыс жұптарды жасағанда, балалар бірге қол соғып, «достар таптық!» деп айтады. **Міндеті:** Жапсыруда табиғи материалдарды және қағаздарды түрлендіру әдістері арқылы балаларға (жырту әдісін, ұмаждау әдісін,буктеу әдісін ,қатпарлау әдісін) қолдану арқылы балаларға шығармашылығын дамыту **Д\ойын: «Табиғаттан дос жаса»**Балалар өз материалдарын алып, олардан кішкентай достар жасайды (мысалы:	**Дене тәрбиесі** (Нұсқаушының жоспары бойынша) **«Біздің қалашық»Міндеті:**Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.**Д\ойын: «Біздің қалашықта»** Ұжымдық құрылыс дайын болған соң, балалар өз бөліктерімен ойнайды: Машиналарды жолда жүргізу, қуыршақты үйлерге қою, ағаштар мен гүлдерді ұйымдастыру Мұғалім балаларға сұрақ қояды:«Кімге көмектесу керек?» «Біз бірге қалай ойнай аламыз?»Балалар өзара ынтымақтасып, қамқорлық көрсетеді. **Міндеті:** Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. **Д\ойын: «Ою-**

	ойыншықтарды қолданып ойнату. **Сюжетті ойын:** «Қуыршақ қонақта»Балалар құрылысты пайдаланып ойнайды:Қуыршақ үйге кіреді;Машина үйдің қасына келеді;Аңдар қонаққа келеді.Тәрбиеші сұрақ қояды: – Қуыршақ қайда отыр? – Машина үйдің алдында ма, қасында ма? **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Қазақ тілі, Құрастыру)**	береді.**Таныстыру, салыстыру** Тәрбиеші бір парақта 2 дөңгелек, екіншісінде 3 дөңгелек көрсетеді. – Қайсысында көп? – Қалай теңестіреміз? Д\ойын: «Қос немесе ал» Балаларға тапсырма беріледі: Аз тұрған жаққа бір дөңгелек қосып жапсыр**;** Немесе көп тұрған жақтан бір дөңгелекті алып таста (жапсырмау). Тәрбиеші көмектесіп, бағыттайды Қ\ойын**:**«Біреуін бер**»** Балалар бір-біріне бір пішінді беріп, санды теңестіреді.**(Математика негіздері, Құрастыру, Жапсыру, Қазақ тілі)**	**Мүсіндеу, Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	жапырақтан жануар, гүлден гүлшоғыр, қағаздан үй жануарлары)Әр бала өз жұмысын көрсетеді, мұғалім әдістерін қайталайды: «Кім жыртуды қолданды? Кім ұмаждауды қолданды?» **(Қоршаған әлеммен таныстыру, Математика негіздері, Жапсыру, Қазақ тілі)**	**өрнекпен достасайық»** Балалар өз жұмыстарында қарапайым ою-өрнектерді пайдалана отырып, шығармашылық композиция жасайды «Кім өз ою-өрнегін толық жасайды?» «Көршіңе қарап, өз оюыңды ойластыра аласың ба?» Балалар бір-біріне қарапайым элементтерді көрсету арқылы ынтымақтастық жасайды.Сурет салу процесінде әр бала өзінің шығармашылық идеясын қосады **(Математика негіздері, Құрастыру,Сурет салу)**
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Қарлы бұрқасынды бақылау**. **Міндеті:**Бақылау: бұрқасын туралы	**Қардың түсуін бақылау.** **Міндеті:**Өлі табиғат құбылыстарының бірі,	**«Экологиялық тәрбие»,. Теректі бақылау.** **Міндеті:**Балалардың тірі табиғат түрі, терек ағашы,	**«Қауіпсіздік». Күнді бақылау.** **Міндеті:**Күннің мен ауаның адам, жануарлар мен	**«Өнелегі тәрбие». Аула тазалаушының еңбегін бақылау.** **Міндеті:**Аула тазалаушы

	түсініктерін қалыптастыру. Далада қатты жел мен бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әр жерде қарлы бұрқасын соғады. Бұрқасын - қарды ұйтқыта, сырғыта соғатын борасын. Ырым. Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады. Көркемсөз. Сырбай Мәуленов "Бұрқасын". Жаяу боран бұрқасын Иір жіпті кідірмей. Үйір қардың ұлпасын Аққудың ақ жүніндей. Тоқымашы ежелден Құйын, боран екеуің. Оқалап бір безеңдер Шыршалардың етегін. Аяз ұста арқалы Соқ дамылсыз бүгін де, Қайың тағар алқаны Жаңа жылдың түбінде! Қимылды ойын. «Әткеншек». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды	қар туралы білімдерін кеңейту. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау, әсемдікті көруді үйрету. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен	туралы білімдерін тиянақтау; терек ағашына тән белгілерді атауға ынталандыру; қысқы маусымда ағаштардың тіршілігі себептерін талқылау; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Көк терек-ау, көк терек, Суықта жаның – шүберек. Қалайша өңің кеткен? Жапырақтарың түскен. Жалаңаш тұрсың, бозарып, Ұшқан желге ұзарып. Ызғарлыға тоңбайсың ба? Жалғыздықтан тозбайсың ба? Көк терек: "Халім тамаша. Тамырым бүтін, бұйырса. Бекер емес, білем, сабырым, Көктемде толады тамырым". (Д. Ахметова) "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)	өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Қыстың басында күннің көзі сирек көрінетінін айту (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі ашылады, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл аудару керек. Жұмекен Нәжімеденов "Көкжиектен көтерді күн кірпігін...". Көкжиектен көтерді күн кірпігін. Ерке сұлу күле оянды құрбысы-ау. Шәлі-бұлттың мойнына іліп жыртығын Күн сәулесін қабыл алып тұрды тау. Көтеріп тұр күмісімді-	еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу. Қауісіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. А. Меңдібай "Аула тазалықшысы". Балабақша ауласында, Көмектесем мен де оған, Таң атқаннан кешке дейін, Жинап қоқыс, қағаздарды. Тынбай еңбек ететін Құрметтеймін, қадірлеймін, Бар тазалық сақшысы. Еңбексүйгіш адал жанды. Ауланы да тазалайды, Ағашты да бұтайды. Су себеді гүлдерге де, Шаршамайды, тынбайды. – Балалар, аула тазалаушы қандай жұмыстар атқарады? – Аула тазалаушының жұмыс құралдары бар ма? Оларды атап көрейік. – Қандай құралды қай уақытта қолдану керектігі неге байланысты. – Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? – Еңбек құрамдармен жұмыс жасауда қандай

	ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу. "Жалаушаны қағып кетпе" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Міндеті:**Нысандарды құлатпай, олардың арасында "жыланша" секілді жүруді жалғастыру; қимылдарды үлестіруге баулу, зейін мен бақылауды дамыту. "Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) **Міндеті:**Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	жауапкершілікке баулу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" ойыны (дене тәрбиесі). **Міндеті:**Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу; жүгіру, секіру түрлерін жетілдіру. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) **Міндеті:**Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі.“Мен – түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-	**Міндеті:**Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Шеңбер бойымен, түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре білуді жетілдіру. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады: – Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,	көгімді, Сәуле бұлтқа біздің туды байлады. Сәуле, сәуле, сәуле көктен төгілді, Сәуле мына жер-әлемді жайлады. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық) дамыту; жүгіру дағдыларын жетілдіру; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. «Жоғары лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдыларын қалыптастыру; дербестік танытуға баулу; физикалық қасиеттерді: икемділікті, ептілікті дамыту. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) **Міндеті:**Балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам шеңбер бойымен жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Ұйымдастырушылар». (дене тәрбиесі) **Міндеті:**Бір-бірімен қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды үйрету; спорттық ойын түрлерін көрсетудегі қозғалыс түрін білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынталандыру, достыққа тәрбиелеу. "Нысанаға тигіз" қимыл-қозғалыс жаттығуы. (дене тәрбиесі) **Міндеті:**Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,

		әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	зерттеу іс-әрекеті) **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**		зерттеу іс-әрекеті) **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**
Серуенненоралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)** **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгіұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористаны дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
	Құстардың сайраған дауысы қосылады. **"Ормандағы тыныштық пен дос қоян" (қысқа ертегі). Көркем әдебиет**	«Бесік жырымен» ұйықтату	Қазақ ертегілеріндегі ақылды қыз бейнесін таныстыру. "Ақылды қыз" ертегісін оқып беру, эмоциямен жеткізу **Көркем әдебиет**	Жайлы баяу күй тыңдату.	Қазақ батырлары туралы білу, олардың ерлігі мен мінезін дауыс ырғағымен жеткізу. **"Қобыланды батыр" жырынан үзінді оқып беру Көркем әдебиет**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту.**Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотористаны дамыту).**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Ұлттық ойын:** «Тоғызқұмалақ»	**Ұлттық ойын: «Асық ату»**	**Ұлттық ойын:** «Арқан тартыс»	**Ұлттық ойын:** Ұшты-ұшты	**Ұлттық ойын: «Соқыр теке»**

(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Ойын алаңы мен ұяшықтар: Әр бала үшін 9 ұяшықтан тұратын жолақтар жасалады (қақпақша немесе қағаздан) Әр ұяшыққа 1–5 құмалақ орналастырылады Ойын кезеңдері Балалар шеңбер жасап отыр Тәрбиеші: Бүгін біз қазақтың ұлттық ойынын – Тоғызқұмалақты ойнаймыз! Қолымызды жылдам, көзімізді жақсы жұмсап, санауымыз керек! Түсіндіру Құмалақтарды ұяшықтарға орналастыру Бір ұяшыққа қанша құмалақ бар екенін көрсету	Асық — қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын шапшаңдықты, дәлдікті, көзді дұрыс мөлшерлеуді талап етеді. Асықтың түрлі түстері мен аттары бар (сақа, омпы, бүк, шік, тәйке). Қауіпсіздік ережелері:Асықты тек белгіленген жерде ғана атады. Басқа балалар жаққа қарай лақтыруға болмайды. Кезекпен ойнаймыз. Ойын түрі: «Кім көп асық атады?» Жүргізілуі**:** Балалар кезекпен сақамен ортада жатқан көреді. Қай бала көбірек асық ата алса, сол асықтарды атып жеңімпаз атанады.	Ойынның сипаттамасы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Балалар, бұл – «Арқан тартыс» атты қазақтың ұлттық ойыны. Бұл ойын топпен, бірігіп, күш салып ойнайтын ойын. Арқанды өз жағыңа қарай тартып, қарсылас топты өзіңе қарай өткізу керек. Бұл ойын достықты, бірлікті үйретеді. Ойын барысы: . Балалар 2 топқа бөлінеді: Әр топ арқанның екі жағын ұстайды Арқанның ортасына қызыл лента (белгі) байланады Ортада сызық немесе белгі қойылады Ойын басталады: Тәрбиеші: «Бастаймыз!» деген белгі береді Екі топ арқанды өз жағына тартады Қай топ қарсылас топты өз жағына қарай тартып өткізсе, сол топ жеңімпаз болады **(Дене тәрбиесі)**	Ойынның барысы: Тәрбиеші түсіндіреді: – Бұл ойынның аты – «Ұшты-ұшты». Мен қандай да бір ұшатын затты немесе ұшпайтын нәрсені айтамын. Егер мен айтқан нәрсе ұшатын болса – қолдарыңды көтеріп, «Ұшты!» деп айту керек. Ал ұшпайтын нәрсе болса – көтермейсіңдер.. **«**Ұшты-ұшты – кептер ұшты!» → Балалар қолдарын көтереді «Ұшты-ұшты – мысық ұшты!» → Қол көтеруге болмайды «Ұшты-ұшты – көбелек ұшты**!»** → Қол көтереді **«**Ұшты-ұшты – кітап ұшты!» → Қол көтеруге болмайды Балалар мұқият тыңдап, тек шын ұшатын заттарға ғана қол көтеруі керек.Қателескен бала 1 айналымнан шығып, көрермен болады немесе ойын жалғаса береді. Ермексаздан көбелектің қанаттарын мүсіндеу. **(Дене тәрбиесі, мүсіндеу)**	**Ойынның барысы:** – Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» атты қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Бұл ойында бір бала — «соқыр теке» болады. Оның көзін байлаймыз. Ол көзін ашпай, басқа балаларды ұстап көруі керек. Қай баланы ұстаса, сол орынға соқыр теке болады.
Балаларменжеке жұмыс	Топпен бірлесе жұмыс жасауды үйрету.	Ойын анық жеткізуін жетілдіру.	өз ойын түсінікті жеткізуге пікірін айтуға талпынады.	ұқыпты орындауынқауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру.	Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен ішінара орналастыруын қалыптастыру.

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Серуенгедайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	***«Қарлы эстафета»*** **Міндеті:** Шапшаңдық, жарыс рухын дамыту. **Шарты:** Балалар екі командаға бөлініп, қар доптарын шелекке тасиды. Кім жылдам аяқтаса – сол ұтады.	***«Аңшылар жарысы»*** **Міндеті:**Ептілік пен төзімділікті дамыту. **Шарты:** Балалар кедергілер арқылы жүгіріп өтіп, аңның суретіне жетіп, оны «ұстайды».	***«Қар көпірінен өт»*** **Міндеті:** Тепе-теңдікті сақтай білу. **Шарты:** Балалар тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап, қарсы бетке өтеді.	***«Тез жеткіз!»*** **Міндеті:**Ептілік пен үйлесімділік. **Шарты:** Бір бала қарды (допты) қасықпен алып, екіншіге жеткізеді, түсіріп алмауы керек.	***«Қар патшалығында»*** **Міндеті:** Қиял мен шығармашылықты дамыту. **Шарты:** Балалар «қар патшалығын» бейнелеп, қимылмен орындайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексаздан аққаланың мүсінін жасау, суретін салу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өзбетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойданқұрастыруға баулу. Терезеге қарап, қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы жеке әңгімелер жүргізу.	Балалардың далада қалдырған заттары туралы сұрау. Ол қалай өзгерді? Қалай көз алдына елестетеді сұрау. Қыс тақтапғын балалармен жеке жұмыс жасау арқылы жаттату. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық	Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттау. «Боран , Уілдейді, гулейді,Көзіңетүкілмейді. Ішінтартып,ышқынып, Менкүштімін,біл»дейді». Қыс мезгілі туралы қалауы бойынша сурет салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыру. **(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)** Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы	Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. (Сурет салу) «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін үстел үсті театры арқылы балалардың бір	Ермексаздан қар түйіршіктерін жасату. Оны ұжымдық жұмыста пайдалану. «Қар жауады тынбастан» тақырыбында композиция жасату. **(Мүсіндеу)**

	(Қарым-қатынас іс-әрекеті) **(Жапсыру,Сурет салу)**	ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. **(Мүсіндеу)**	тазалық жұмыстарын орындату. **(Жапсыру, Сурет салу)**	біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**	
Балалардыңүйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту)**Өнегелі 15 минут**				

Тәрбиеші: А. Жаулыбекова
С. Бегешев

Әдіскер_____ Мамырова Г.Т

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: Ортаңғы «Айгөлек» тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.12 - 12.12. 2025 жыл II апта
Желтоқсан «Бірлік және ынтымақ» айы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 08.12.2025 ж	Сейсенбі 09.12.2025 ж	Сәрсенбі 10.12.2025ж	Бейсенбі 11.12.2025ж	Жұма 12.12.2025ж
Балалардықабылдау	Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. **(Музыка)** Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15-минут.**Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары	Шананың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтаужәне талдау,олардың сапаларыменқасиеттерінсипаттауды меңгерту. Балалардың алып келген шаналарын қарап,	Топтық жұмыс. Ертегі желісі бойынша жануарлардың дайын пішіндерін қиып ретімен сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды,жекежәнетоппен	**«Түрлі-түсті моншақтар»** Негізгі түстер (көк, қызыл, сары, жасыл) туралы білімдерін нығайту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Түрлі түсті моншақтарды алақанмен домалақтау, ермексаздан үзіп алу, есуді үйрету. Моншақтың суретін	**Құрылыс орталығы «Біздің көше»** Балаларға өз еркіменорналастыру тәсілдерін қолдана отырып, тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен	Адасып қалсам не істеу керек?сенімді ересектер кімдер?кімнен көмек сұрауға болады? Тақырыбында әңгіме **Қауіпсіздік ережелері** Конструктор бөлшектерімен үй құрастыру.

	салыстыру. Шананың суретін бояу. **(Қоршаған таныстыру, Сурет сурет)**	бірлесіпжасауды,ондамін деттерді келісіпатқаруды үйрету. **(Жапсыру, Құрастыру)**	қылқаламмен ұқыпты бояу. **(Мүсіндеу, Сурет салу)**	орналастыруды үйрету. **(Құрастыру)**	**(Тіл дамыту, Қазақ тілі, Құрастыру)**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсанайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы жаттығу кешені	1) «Балақай». Б.қ: аяқ алшақ, қол екі жанда. 1- қолды алдыға созу. 2- жоғары көтеру. 3- түсіру. 4- б,қ,к. 4-5 рет 2) «Қолды желкеге жасыр». Б.қ: аяқ алшақ, қол екі жанда. 1- қолды белге қою. 2- қол желкеде. 3- б,қ,к. 4-5рет 3) «Отыру, тұру». Б.қ: н.т, қолды артқа ұстау. 1- отыру, қолды алға созу, жұдырық түю. 2-б,қ,к. 5-6рет 4) «Алақай». Б.қ: еденде тізерлеп отыру қол белде. 1- тізерлеп тұрып, қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтау. 2- б,қ,к. 6-7 рет 5) «Еденде». Б.қ: отыру, аяқ түзу, қолды артқа тіреу. 1- тізені бүгу. 2- түзелу.3- б,қ,к. 4-5 рет 6) «Тізеңді құшақта». Б.қ: шалқадан жату, қол жанда. 1- тізені бүгу, аяқты құшақтау. 2- б,қ,к. 6-7 рет 7) «Секіру». Б.қ: аяқ сәл алшақ, қолды бос ұстау. 1- қос аяқпен секіру. 2-б,қ,к. 7-8рет 8 Дем басу жаттығулары.				
Таңғыас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Нан, ботқа, дәмді, тамағыңды ішеміз, ас болсын! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық	**2-ші апта дәйек сөзі!** «Бірлік түбі – береке.» Балаларды ұйымдастырылғаніс-әрекеткепсихологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
	Қауіпсіздік ережелері. «Лифті (жедел саты) мен кіреберістегі (подъезд) мінез-құлық	**Алал азамат бір тұтас тәрбие аясында.** Д/Ойын : «Адал бол – достарға көмектес»	**Құқықтық сауаттылық** Д/ Ойын : «Рөлдік ойын: дұрыс немесе бұрыс?» Балаларға қысқа	Қардың пайдасы тақырыбында әңгімелесу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге	«Эмоцияларды жаттықтырамыз» жаттығуы. Міндеттер: елгезектікке,

	қағидалары» Міндеті:Балаларды лифті мен кіреберістегі мінез-құлықтың негізгі қағидаларымен таныстыру.Балаларды қауіпті жағдайларда тануға және сол уақытта дұрыс әрекет етуге үйрету.Төтенше жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.	Балалар топқа бөлінеді Кішкентай тапсырмалар беріледі: Ойыншықтарды бөлісіп, жинау Бір-біріне қарапайым тапсырманы орындауға көмектесу Әр әрекетке «адалдық белгісі» беріледі (мысалы, стикер немесе жұлдызша) **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**	сценкалар беріледі: Бір бала допты бөліседі, бір бала ала алмай қалады Бір бала ережені бұзады, біреуі сақтайды Балалар талқылайды: дұрыс па, бұрыс па? Тәрбиеші қорытындылайды **(Қазақ тілі)**	қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) **(Тіл дамыту, Қазақ тілі)**	көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды; - орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты эмоцияларын көрсетуді сұрайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Музыка**	**Дене тәрбиесі** **Қазақ тілі**			**Дене тәрбиесі**
	Дене тәрбиесі (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) **Музыка** (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)**«Мен жолдан қалай өтемін?»** **Міндеті:** Балаларға геометриялық фигурашаршыны таныстыру**Д\ойын:**	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) **Қазақ тілі** **«Табиғат бізбен бірге»** **Міндеті:** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру Д\ойын: «Бұл не?»	**«Біз не істедік? Біз не істейміз?»** **Міндеті:** Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Д\ойын: «Біреу – көп» – Бұл не? Балалар: – Доп– Ал мынау не? (бірнеше доп) Балалар: – Доптар(Қуыршақ – қуыршақтар, орындық –	**«Менің үйім – менің Отаным»** **Міндеті:** Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Д\ойын: «Балабақша – екінші үйім – Біз қайда келеміз?	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) **Міндеті:**Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға

	«Шаршыны тап» қағаздағы әртүрлі фигуралар арасынан шаршысын табу.«Шаршыдан қала сал» – балалар шаршыларды пайдаланып қала, үй, ойыншықтар құрастырады. **Міндеті:**Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. **«Дұрыс – бұрыс» ойыны** Тәрбиеші жағдай айтады, балалар дұрыс болса қол шапалақтайды:«Жолдан қызыл шамда өтеміз» ✕«Жасыл шамда өтеміз» ✓ «Мен жолдан қалай өтемін?» тақырыбында көлікте өзін дұрыс ұстауға үйрету:🚌 Көлікке тәртіппен мінеміз 🚌 Көлікте айғайламаймыз, жүгірмейміз 🚌 Үлкендерге, қарттарға орын береміз 🚌 Терезеден басымызды шығармаймыз	Тәрбиеші суретті көрсетеді – Бұл не? Балалар: – Күн ☀ – Ағаш 🌳 – Гүл ✿ (Балалар сөздерді өздігінен айтуға ынталандырылады) Қ\ойын: «Табиғатқа серуен» (қимылды) Балалар бөлме ішінде «серуендейді».Тәрбиеші: – Біз не көрдік? Балалар: – Ағаш – Құс – Бұлт(Құсқа ұқсау, күнге қол жайу қимылдары орындалады)**Міндеті:** Геометриялық дөңгелек пішіндер (шарлар,бұлтта,күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тіксызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. **Қ\ойын:** «Күн шықты» Балалар дөңгелек болып тұрады. – Күн дөңгелек ☀ – Күннің сәулелері тік және көлденең сызықтар. Балалар қолдарымен сызықтарды көрсетеді. Д\Ойын: «Бұлт пен жаңбыр» (сурет салу ойыны) Балалар қағазға:	орындықтар) Д\ойын: «Қуыршаққа көмектесейік»– Қуыршақ не істеді? – Ол отырды. – Қуыршақ не істейді? – Ол ойнайды**. Міндеті:** Балаларда "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. **Д\ойын:«Орнын тап»** Балаларға парақ беріледі: Бір жағында ☺ «Жақсы» Екінші жағында ☹ «Жаман» Балалар суреттерді тиісті жерге жапсырады. – Бұл қандай әрекет? – Қай жерге жапсырамыз? Қ\ойын: «Дұрыс – дұрыс емес» Тәрбиеші әрекет айтады: – Ойыншықты жинау — 👍 – Досыңды ұру — 👎 Балалар қолдарымен көрсетеді. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Қоршаған әлеммен таныстру, Жапсыру)**	– Балабақша – Мұнда кімдер бар? – Тәрбиеші, достар Д\ойын: «Менің Отаным» Тәрбиеші Туды көрсетеді. – Бұл – біздің Отанымыз. – Біз осы жерде тұрамыз. – Отан – бізді қорғайтын үлкен үй. Балалар Туға қол бұлғайды. Қиындылардан тудың суретін құрастырып жапсыру. **«Оң мен солды табайық»** **Міндеті:** Кеңістікті бағдарлау: оң-сол Д\ойын: «Екі шар» (мүсіндеу) Балалар екі шар мүсіндейді. – Бір шарды **оң жаққа**, – Екінші шарды **сол жаққа** қояйық. Балалар ермексазды домалақтайды. «Қонжыққа көмектесейік» Қонжықтың мүсіні немесе суреті беріледі. – Қонжықтың **оң жағына** алма қояйық. – Қонжықтың **сол жағына** доп қояйық. Балалар мүсіндеп, орналастырады.	үйрету. Д\ойын: «Не көріп тұрсың?» – Бұл не? – Ол қандай? Балалар: – Құс – Әдемі(Қысқа, бір сөзбен айтуына мүмкіндік беру) Д\ойын: «Тірі ме, өлі ме?» Заттар көрсетіледі. – Құс – тірі – Тас – өлі Балалар қол көтеру арқылы жауап береді. **Міндеті:** Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Д\ойын: «Ауада салайық» Балалар саусақтарымен ауада: – Ирек сызық сызады – Дөңгелек салады Д\ойын: «Оюды жалғастыр» (сурет салу ойыны) Балалар қағаздағы дайын жолаққа: Ирек сызықты Дөңгелек элементтерді үлгі бойынша қайталап салады. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет, Сурет салу)**

	🚌 Көліктен тек тоқтаған соң түсеміз. **(Математика негіздері, Құрастыру, Қоршаған әлеммен таныстыру)**	Дөңгелек бұлт (бірнеше дөңгелек) Тік сызықтармен жаңбыр салады **(Қазақ тілі, Сурет салу, Математика негіздері)**		**(Математика негіздері, Қоршаған әлеммен таныстру, Мүсіндеу,)**	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенгедайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**«Экологиялық тәрбие». Шыршаны бақылау**. Міндеті. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар; қылқан ағаш түрі, шыршаның ерекшеліктерін тану, өзге ағаштардан ажырата білу қабілеттерін дамыту; шыршаны тірі табиғат түрі көріп, оның суық мезгілде қылқандарды тастамайтынын, жасыл түсті болатынын, суыққа төзімді екендігін байқату. Шыршаның адамның ағзасына, тазаның таза болуына жағымды әсер ететінін ескерту; экологиялық білім негіздерін қалау. Ескен Елубаев "Шырша қаншада?"	**«Қауіпсіздік». Арнайы көліктер. Жедел жәрдем каретасын (көлігін) бақылау.** Міндеті: арнайы көлік құралдарының түрлерін (жедел жәрдем каретасын) ажырата білу қабілеттерін дамыту; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер (және жедел жәрдем дәрігері, мейірбикесі) еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру; сөздік қорды молайту. – Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?(«Жедел	**«Экологиялық тәрбие», «Үнемділік». Ауа райын бақылау.** Қыстың басы. Міндеті.Қыс мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (суықтың түсуін, желдің ызғарлығын, қардың жауғанын) байқауға; тірі және өлі табиғат арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Суық мезгіліне дайындықтың мағынасын, адамның жылы киіну ережесін ұстануды талқылау. Балаларға күздің басындағы және қыстың	**«Қауіпсіздік». Арнайы көліктер. Қар тазартқыш көлігін бақылау.** **Міндеті:**арнайы көлік құралдарының түрлерін (қар тазартқыш көлігін) ажырата білу қабілеттерін дамыту; қар тазартқыш көлігін еңбекте қолданудың маңызы, құрылымының ерекшеліктері туралы жалпы мағлұмат беру; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру;	**Қардың түсуін бақылау.** **Міндеті:** Өлі табиғат құбылыстарының бірі, қар туралы білімдерін кеңейту. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау, әсемдікті көруді үйрету. Тілеген Шапаев «Қар». Жауды міне, қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды.

	Жапырақ сарғайғаны – Қартайғаны. Қара шаш ағарғаны – Қартайғаны. Боз жусан қарайғаны – Қартайғаны. Осыдан байқағаны: Тек қана жасыл шырша Өң беріп қартаймайды. Қанша жас жасағанын Ешкім де айта алмайды. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштарға қар күреу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) **Міндеті:**Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қамқорлыққа тәрбиелеу. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) **Міндеті:**жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. "Жалаушаны қағып кетпе"	жәрдем», өрт сөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.) – Осы көліктерге не себептен көк түсті шамды жаққызып, сиренаны қосқызады? – Бұл көлік түрлерін не себептен "арнайы" деп санайды? – Жедел жәрдем каретасын қандай ерекшеліктер мен белгілерге қарап ажыратамыз? – Жедел жәрдем каретасы келген кезде, біз қандай мамандарды кездестіреміз? – Олардың жұмысы қандай? – Жедел жәрдем каретасы жолда қалай жүретінін білесіңдер ме? – Осы арнайы көлік жолда барынша жылдам жүру керек. Жолда жылдам жүру қандай жағдайда болады? – Иә. Көк шамы жанған, сиренасы қосылған арнайы көліктерге жол үстінде барлық көлік жол беру, ашу керек. Мұқтаж адамға уақытында көмекке келу, жол апатына түспеу үлкен еңбекті аталап етеді. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:	басындағы байқаған ауа-райының айырмашылығын табуды, атауды ұсыну. Мұқағали Мақатаев "Қыс келген күні" Тысқа шықсам, Күн шыңылтыр, қар жауған. Ызғар, аяз атырылып бар маңнан, Асып анау асқар-асқар таулардай, Қыс жетіпті тонын теріс аударған. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қардан лабиринт құрастыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша зейінін және әрекет ету қабілетін	сөздік қорды молайту; технологияға деген қызығушылықты және ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Зерттеу. Қар тазалайтын көлік пен жедел жәрдем көлігі екеуін салыстыру. (зерттеу іс-әрекеті) Оразақын Асқар "Машина". Машина істе-серігің, Жолға шықсаң-көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңдағы қарды тазарту және лабиринт құрастыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету, еңбек дағдыларын тәрбиелеу. "Ұсталма" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)	Үстін жауып көлдердің, Бетін бүркеп белдердің. Жастық етіп тауды асқақ Жантайыпты жамбастап. Жантайыпты жамбастап. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.

